

15 ТАМЫЗ,
СЕНБІ,
2026 ЖЫЛ
№88 (23 702)

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады



ORTALYQ QAZAQSTAN

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І



www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Желі жаңарғанмен,
жауапкершілік
кемімейді

2-бет



Өндіріс маманды
өзі даярлайды

5-бет



Толағайлар әулеті

8-бет



ТАМЫЗ КЕҢЕСІ

Жаңа дәуір, жаңа талап, жаңа бағдар

Қызыққа толы жазғы каникул мерзімі аяқталып, білім ошақтарында «Алғашқы қоңырау» сыңғыры естілер сәтке де санаулы күн қалды. Осы айтулы кезеңде аймақта білім саласы қызметкерлерінің дәстүрлі Тамыз конференциясы өтіп, ұстаздар қауымы алдағы уақыттың басты межелерін айқындады. «Жаңа халықтық конституцияның нормалары мен құндылықтары: адами капиталды дамыту – білім беру жүйесінің стратегиялық негізі» тақырыбында өрбіген жиын аясында білім сапасы, жасанды интеллект мүмкіндігі, инклюзия, бала әл-ауқаты мен оқу мәдениеті сияқты заман талабынан туған сан салалы сауалдар сараланды. Облыстың білім басқармасының басшысы Дулат Жекебаев тізгіндеген басқосуға сала ардагерлері, тәжірибелі педагогтер, жас мамандар мен сарапшылар жиналса, өңірдегі мыңдаған мұғалім жиынға онлайн қосылып, жаңа оқу жылының басты басымдықтарымен танысты.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мектептің жаңа келбеті

Келелі кеңес басталмас бұрын қатысушылар білім берудегі инновациялық жобалар көрмесін тамашалады. Мұнда мектепке дейінгі тәрбиеден техникалық және кәсіптік білім беруге дейінгі озық жобалар, цифрлық құралдар,



инклюзивті білім мен тәрбие жұмысындағы тың шешімдер таныстырылды.

Солардың бірі – өңірдің білім беру жүйесімен төртінші жыл қатарынан бірлесіп жұмыс істеп келе жатқан Edu Test онлайн платформасы.

– Бағдарламамызда ҰБТ, МОДО, PISA, БИЛ, НЗМ мектептеріне іріктеу және өзге де тестілеу жүйелеріне дайындық қарастырылған. Платформаның басты артықшылығы

– мониторинг жүргізіп, қатемін жұмыс істеуге, тест нәтижесін жан-жақты саралауға мүмкіндік беруі. Бұдан бөлек, бейнесабак, прокторинг және кәсіптік бағдарлау бағыттары бар, – деді платформа қызметкері Альбина Жаңабай.

Цифрлық мүмкіндік ауқымы жаңа оқу жылында бұдан әрі кеңеймек. Қазір облыс мектептерінде мұғалімдерге тапсырманы тексеруге, сабақ жоспарын құруға және оқу материалдарын іріктеуге көмекте-

сетін ROQED AI жасанды интеллект көмекшісі қолданылуда. Ал, «Әдістемелік банкомат» жобасы арқылы педагогтердің үздік тәжірибесін өзге мектептерге тарату көзделген.

Құқықты білу жауапкершілікті сезінуден басталады

Пленарлық отырыста алғаш болып сөз алған Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты-

ның судьясы Айжан Жатқанбаева құқықтық мәдениетті бала кезден қалыптастырудың маңызына тоқталды.

– Біз әрбір баланың бойында құқық пен заңның рөлі туралы сыни ойлау негізін қалыптастыруымыз керек. Конституция қағидалары қағаздағы норма күйінде қалмай, күнделікті өмірдің өлшеміне айналуы қажет, – деді Айжан Жатқанбаева.

➤ 3-бет

ЕРТЕҢ – СПОРТ КҮНІ

Арқа спортының айбыны

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақта қалыптасқан спорттық дәстүр бүгінде жаңа мазмұнмен толығып, тұтас жүйеге айналды. Кезінде қарапайым спорт алаңдарынан басталған талай баланың асқақ арманы заманауи спорт сарайларында шыңдалып, республикалық және халықаралық додаларға ұласуда. Кезінде жеке-леген санлақтардың жеңісі өңір мерейін үстем етсе, ал, бүгінде Қарағандыда бұқаралық спорттан бастап, жоғары жетістіктерге дейінгі сабақтастық бар. Спортпен шұғылдануға мүмкіндік артты. Жас таланттарды тәрбиелеудің тетіктері жетілдіріліп, қарағандылық спортшылардың ел ішіндегі және халықаралық аренадағы бәсі бекемдей түсті. Осылайша кеншілер өлкесінің спорттық шежіресі жаңа дәуірге қадам басты.



Бүгінде спорт өңір өмірінің барлық саласына дендеп енген. Жыл басынан бері облыста 1 027

бұқаралық спорттық іс-шара өткізілсе, оның 498-і ауылдық жерлерде ұйымдастырылған. Оған

жалпы 85 458 адам қатысса, соның 42 349-ы – ауыл тұрғындары. Ауыл спорты – өңір спортының

берік тамыры. Өйткені, ел намысын қорғаған талай чемпионның алғашқы қадамы да, үлкен спортқа деген арманы да ауылдағы қарапайым алаңнан басталған. Сондықтан, ауыл спортына жасалған жағдай – бүгінгі жетістікке, ертеңгі чемпиондарға салынған инвестиция. Ал, ең бастысы сол арманға жол ашып, талапты жастың талантын дер кезінде тани білу.

Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұркен Нұратов қазіргі таңда облыста 1 607 спорт ұйымы жұмыс істейтінін атап өтті.

– Биыл жыл басынан бері өңір намысын қорғап, әлемдік додаларда ел мерейін үстем еткен спортшыларымыздың жетістігі аз емес. Азия чемпионаттарында боксшыларымыздың мерейі үстем болды. Балуандарымыз да белдесулерде жоғары нәтижелер көрсетті. Халықаралық жарыстарда жеңіл атлеттеріміз топ жарса, Азия чемпионаттарында велошабандоздарымыз да жұлдеден кенде қалған жоқ.

➤ 4-бет



Президент ОСК төрағасын қабылдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіровті қабылдады, деп хабарлады Ақорданың баспасөз қызметі.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нұрлан Әбдіров Президентке Орталық сайлау комиссиясының ұйымдастыру жұмыстарының қазіргі барысы туралы хабарлады. Атап айтқанда, сайлау учаскелерін жасақтау, байқаушылар корпусын дайындау және алдағы дауыс беру жөнінде халықты ақпараттандыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы мәлімет берді.

Өз кезегінде Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы сайлау науқанының тарихи сипаты мен қоғамдық-саяси маңызын айрықша екенін атап өтті. Президенттің айтуынша, оның қорытындысы Қазақстанның саяси жүйесінде Құрылтай институтының құрылуымен институционалдық тұрғыда бекітілген жалпыұлттық диалог тетіктерінің одан әрі дамуына елеулі ықпал етеді. Мемлекет басшысы сайлауды «Заң мен тәртіп» қағидаты негізінде өткізу қажеттігіне назар аударып, барлық қатысушыға тең жағдай жасалып, сайлау үдерісінің ашықтығы толық қамтамасыз етілуі тиіс екенін баса белгіледі.

Науқанның қаншалықты ашық әрі ұйымдасқан түрде өтуі жалпыұлттық диалог тетігіне деген азаматтардың сенім деңгейіне тікелей әсер ететіні сөзсіз. Ел басшылығының сайлауалды дайындық барысына айрықша мән беруі де осыған байланысты. Құрылтай сайлауын ұйымдастыру мәселесінің Мемлекет басшысының тікелей бақылауында болуы бұл институттың саяси жүйедегі маңызын айқын аңғартады. Осы ретте Құрылтайды саяси құрылымның жалпыұлттық диалогтың нақты тетігі ретінде орнықтыру міндеті тұр. Ал, оның легитимділігі ең алдымен ашық әрі әділ сайлау рәсімдері арқылы қалыптасады.

Бұған дейін хабарланғандай, Құрылтай депутаттарының сайлауы 2026 жылғы 23 тамызға белгіленген.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 536.52

•USD/KZT 465.08

•RUB/KZT 5.56

•CNY/KZT 68.97

Қазақстан Ұлттық Банкінің
14 тамыз, 2026 жылғы дерегі бойынша

Желі жаңарғанмен, жауапкершілік кемімейді

Қарағандыда қысқы жылыту маусымына қамданыс қызу. Бір жерде құбыр жаңарса, енді бір нысанда ескі жабдық алмастырылып жатыр. Осы жұмыстардың жай-күйін тікелей нысандардан көру үшін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қанат Бозымбаев аймаққа ат басын арнайы тіреді. Нысандарды аралау барысында Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өңірдегі энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстарының барысына жете тоқталды.

Ерканат КЕЦЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңарған желі – жарқын тіршілік кепілі

Нысандарды аралау Теміртаудан бастау алып, Қарағандыда жалғасты. Вице-премьер алдымен жылу магистральдарының жай-күйіне назар аударып, одан әрі су тазарту құрылыстары, электр желілері мен қосалқы стансаларда жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарының барысымен етене танысты. «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» Ұлттық жобасы аясындағы үш жобаның таныстырылымы барысында Теміртау қаласының әкімі Сапар Сагаев атқарылып жатқан жұмыстардың барысы мен негізгі көрсеткіштеріне тоқталды. Атап айтқанда, «ЖМ-3» және «ЖМ-2» жылу магистральдарын, сондай-ақ, «Қарағанды-Теміртау» су құбырын реконструкциялау жобаларының қазіргі жай-күйі баяндалды. Нысандардың дені өткен жүзжылдықтың 1960-1990 жылдарында қолданыса берілген. Жекелеген инфрақұрылым нүктелерінің тозу деңгейі 70-80 пайызға дейін жеткен. Теміртаудағы негізгі жұмыс жылу желілерін жаңартуға бағытталған. Мұнда ондаған жыл бойы қала тіршілігін үздіксіз жылумен қамтамасыз еткен – «ЖМ-3» жылу магистралі. Бүгінде оның 8,27 шақырым құбыры жаңғыртылуда. Маңызды магистраль арқылы жылу 60 мыңға жуық тұрғынға, 312 көпқабатты үйге және 22 әлеуметтік нысанға жетеді. 1967 жылдан бері үздіксіз пайдаланылып келе жатқан құрғатамырдың тозу деңгейі 75 пайызға жетеді. Соңғы бес жылдың өзінде желіде 38 ақау тіркелуді де жағдайдың қаншалықты күрделі болғанын аңғартса керек. Ендігі мақсат – ескірген құбырды жаңасына ауыстыру, мыңдаған тұрғын үшін жылууды үздіксіз жеткізетін берік



бол Төлеуов нысанның тозу деңгейі 80%-ға жеткенін жеткізді. Тек соңғы үш жылдың өзінде мұнда 89 апатты жағдай орын алған. Су тазарту нысанының үздіксіз жұмысына Қарағанды мен Теміртау қалаларының, Ақтас кентінің 695 мыңға жуық тұрғынының күнделікті тұрмысы тікелей тәуелді. Бұған қоса, кешен Қарағанды ЖЭО-3-ті де ауызсумен қамтамасыз етеді. Бүгінде мұнда негізгі құрылыстар мен технологиялық жабдықтар жаңартылып жатыр. Жоба құны – 15,1 млрд теңге. Қоммақты қаржыға жүзеге асырылып жатқан жаңғыртудың түпкі мақсаты – біреу. Ондаған жылдық тозуды еңсеріп, жүздеген мың тұрғынға қызмет көрсететін су жүйесінің ертеңіне сенімділік қалыптастыру.

Жылу мен жарықтың сенімді арнасы

«Қарағанды Жарық» ЖШС-не қарасты қосалқы стансасында Вице-премьерге өңірдің электр желілерін жаңғырту жұмыстары таныстырылды. Кәсіпорын басшысы Дидар Ахмадин нысанның бүгінгі ахуалы мен қолға алынған жұмыстардың жай-жапсарын баяндады. Мұндағы әрбір жаңарған жабдық – электр қуатының тұрақты берілуі мен қала тіршілігінің іркіліссіз жалғасуына жасалған қадам. Сапар барысында нысанның техникалық мүмкіндігі мен жаңғырту жұмыстарының мерзімі де талқыланды. Бүгінде бұл бағытта алты жоба әзірленген.

барысымен танысты. «Қарағанды-Жылу» ЖШС басшысы Андрей Ляпунов «М-3» желісінде қазіргі уақытта 2,4 шақырым құбыр жаңартылып жатқандығын жеткізді. Атаулы магистральдің маңызы зор. Нысан 183 мыңға жуық тұрғынды, 817 көпқабатты үйді және 611 әлеуметтік-мәдени нысанды жылумен қамтамасыз етеді. Ал, қайта жаңғырту ісі аяқталған соң жүйенің тиімділігі артып қана қоймай, оның өткізу мүмкіндігі кеңейеді.

Жылу желілерін жаңғырту «М-2» магистралі мен «№2» сорғы стансасында да жалғасып жатыр. Атқарылған жұмыстың алғашқы нәтижесі ретінде жылыту маусымындағы ақаулар саны 36-дан небәрі екіге дейін қысқарғандығын атап өтуге болар еді. Жоталы жоба толық аяқталғанда, Қарағандының орталық бөлігіндегі 64 мыңға жуық тұрғын тұрақты әрі сенімді жылумен қамтылады. Ең бастысы, жаңғыртудың игілігі тұрғындардың күнделікті өмірінен көріне бастайды.

Өңірдегі атқарылып жатқан жұмыстардың жай-күйін бағалаған Қанат Бозымбаев негізгі міндетке де тоқталды. Оның айтуынша, ендігі басымдық – тозу деңгейі ең жоғары учаскелерді уақыт оздырмай жаңартып, коммуналдық инфрақұрылымды алдағы жылыту маусымына толық әрі сапалы дайындау.

– Жұмыс жақсы қарқынмен жүріп жатыр. Жылу мен электр желілерінің ең қатты зақымдалған әрі тозығы жеткен бөліктері

Қазірдің өзінде кәсіпорын өңірдегі инфрақұрылымдық жобалар үшін маңызды өндірістік базаға айналып отыр. Ендігі жоспар – өнім түрлерін кеңейтіп, өндірістің мүмкіндігін арттыру. Осы ретте зауыттың жұмысы коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту міндетімен де өзектеседі. Өйткені, бүгін қалалардың жылу, су

рылған жұмыстардың нақты нәтижесіне көз жеткізген Қанат Бозымбаев облыс көрсеткіштеріне жалпы көңілі толатынын аңғартты. Өйткені, елдің кей өңірлерінде коммуналдық инфрақұрылымның тозуы мен апаттылық деңгейі бойынша жағдай әлдеқайда күрделі. Қарағандыда болса, ең әлсіз учаскелерді жаңғыртуға бағыт-



және энергетикалық желілерінде жаңартылып жатқан әрбір шақырым құбырдың ар жағында осындай өндірістің әлеуеті тұр.

Қысқа дейінгі меже

Жаңғырту жұмыстарының тағы бір маңызды қыры – отандық өндірістің әлеуетіне арқа сүйеу. Сапар барысында таныстырылған нысандардың басым бөлігінде қолданылып жатқан материалдар мен жабдықтардың 95 пайыздан астамы қазақстандық өнімдерден құралған. Ал, жекелеген жобаларда отандық өнімнің үлесі 100 пайызға жетеді.

Қанат Бозымбаев жауапты тұлғаларға басты міндетті тағы бір мәрте нақтылады. Құрылыс-монтаждау жұмыстарының мерзімі мен сапасы қатаң сақталуы тиіс. Әсіресе, алдағы жылыту маусымының тұрақты әрі апатсыз өтуіне тікелей әсер ететін нысандарға басымдық берілуі керек. Облыс әкімдігі мен жауапты ұйымдарға бекітілген жұмыс кестесінен ауытқуға жол бермей, жаңғыртылып жатқан инфрақұрылымның күзгі-қысқы кезеңге толық әзірлігін қамтамасыз ету тапсырылды. Ендігі жерде әрбір күн мен әрбір атқарылған жұмыстың есебі бар. Өйткені, қыстың қатал мінезі басталғанға дейін коммуналдық жүйелердің әлсіз тұстары түгел бекемделуі керек. Бүгінгі тәуел – ертенгі апаттың алдын алу, ал, уақытылы аяқталған әрбір жоба – тұрғындардың жылуы мен қауіпсіздігіне қосылған кепіл.

Елдегі энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғыртуға бағытталған Ұлттық жоба 2029 жылға дейін жалғасуда. Негізгі меже – жылдар бойы қордаланған тозуды азайтып, инфрақұрылымның тозу деңгейін 40 пайызға дейін төмендету және апат қаупін 20 пайызға қысқарту. Яғни, жоба тек ескі желілерді жаңартуды емес, коммуналдық жүйелердің тұрақтылығы мен сенімділігін арттыруды көздейді.

Нысандарды аралап, атқа-

талған нақты қадамдар бар. Ал, жекелеген жобалардың алғашқы нәтижесі қазірдің өзінде көріне бастаған. Дегенмен, қол жеткен көрсеткішке тоқмәйісуге болмайды. Алда – жылыту маусымына толық әзірлік пен белгіленген мерзімдерді мұлткісіз орындау міндеті қылаңытады.

Әр көрсеткішке – жеке жауапкершілік

Бұдан соң Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Қанат Бозымбаев облыстық әкімдікте «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» Ұлттық жобасының Жобалық офисінің көшпелі отырысын өткізді. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев энергетикалық және коммуналдық секторлардағы ахуалға кеңінен тоқталып, жүзеге асырылып жатқан жобалардың нәтижелері, күрделі учаскелер және алдағы кезеңнің негізгі міндеттері туралы кеңінен баян етті.

– Жөндеу маусымы өте қысқа. Жобалау-сметалық құжаттаманың сараптамасын тездетуді қоса алғанда, Үкімет деңгейіндегі қажетті шешімдердің бәрі қабылданды. Ендігі кезең әкімдіктерге байланысты. Әкімдердің осы саланы бақылайтын орынбасарлары Ұлттық жобаның орындалуын жеке бақылап отыру керек, – деді Қанат Алдабергенов.

Келелі жиында Ұлттық жобаның Қарағанды облысында іске асырылуы бөлек негізде қарастырылды. Өңір қанатқақты жобалар кезеңінде-ақ ЭКСЖ тетіктеріне бөленді араласқандардың қатарында атап өтілді. Биылдың өзінде мұнда 85 млрд теңгеден астам сомаға жобаларды жүзеге асыру жоспарланған. 2025 жылдан бастап Электрондық платформа аймақ бойынша жалпы құны 134 млрд теңге болатын және ұзындығы 420,6 шақырымды құрайтын 30 жоба жүзеге асырылды. 14 жоба бойынша 151,3 шақырым инженерлік желіні қамти отырып, 83,4



млрд теңге сомаға құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Келер жылы құны 45,3 млрд теңге және ұзындығы 84 шақырымды қамтитын тағы 12 жоба енгізілді.

Ал, саланы цифрландырудың басты шарттарының бірі – тұтынушыларды толықтай есептеу құрылғыларымен (электронды есептегіштермен) қамтамасыз ету. Вице-премьердің айтуынша, сенімді әрі нақты деректерсіз тұтыну көлемі мен ысырапты дәл есептеу, толыққанды ақпараттық жүйелер құру және жасанды интеллект технологияларына көшу мүмкін емес.

– Алғашқы деректердің өзі болмаса, жасанды интеллектіні қалай қолданамыз? Ең басты міндет – барлық тұтынушыда есептеу құрылғылары болуы керек. Ақпараттық жүйелерді енгізбей әрі ресурсты есепке алмай, алға жылжи алмаймыз, – деді Қанат Бозымбаев.

Заманауи қажетті аспаптармен қамтамасыз етуде отандық өнімге басымдық берілуі тиіс. Өндірістің жергілікті үлесін біртіндеп арттыру міндеті қойылды. Бастапқы кезеңде есептегіш аспаптар бойынша қазақстандық қамту үлесі

кемінде 70%-ды құрауы тиіс.

– Ұлттық жоба дәл осы қазақстандық өнімдерді пайдалануға бағытталған. Егер қажетті өнім Қазақстанда өндірілсе, ол міндетті түрде жобаларда қолданылуы тиіс. Есептеу құрылғылары бойынша қазақстандық мазмұнды қамтамасыз етіп, әрі қарай жергілікті өндіріс үлесін біртіндеп арттыру қажет, – деп баса белгіледі Вице-премьер.

Жауапты мемлекеттік органдарға 1 қыркүйекке дейін барлық коммуналдық желілер бойынша деректердің құрамына, сапасына, берілу жиілігі мен форматына қойылатын талаптарды қоса алғанда, коммуналдық ресурстарды өндірістік және коммерциялық есепке алудың бірыңғай талаптарын әзірлеу әрі бекіту тапсырылды. Есептегіш аспаптар қазақстандық үлес талаптарына сай болуы, ал, ақпарат беру бірыңғай стандарттар бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

Сөзін қорытындылай келе, Вице-премьер Ұлттық жобаның көрсеткіштеріне қол жеткізуге әркім тікелей өзі жауапты екенін ескертті.

– Ұлттық жобаның әрбір көрсеткіші мемлекеттік қызметшілер жеке басыммен жауап береді. Кейін «білмей қалдым» деп айтпас үшін барлық көрсеткіш мен нәтижені мұқият қарап шығыңыздар, – деді Қанат Алдабергенов.

Өз кезегінде аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев Қанат Бозымбаевқа өңірдегі энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғыртуға қатысты мәселелерге ерекше назар аударып, жобалардың іске асырылуы барысын жіті бақылауда ұстап отырғаны үшін алғысын білдірді. Сонымен қатар, облыс әкімдігі тарапынан белгіленген міндеттерді сапалы әрі уақытылы орындау үшін барлық қажетті шаралар қабылданып жатқанын атап өтті.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО



арна қалыптастыру.

Вице-премьерге былтыр аяқталған «ЖМ-2А» жылу магистралінің бүгінгі жай-күйі таныстырылды. Ұзына бойы 3,64 шақырым болатын желі жөндеуден кейін қазір 7,2 мыңнан астам абонентті жылумен қамтамасыз етіп отыр. «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» Ұлттық жобасы аясында жаңартылған магистраль ондаған жылдық тоздан кейін алғаш рет қысқы маусымды апатсыз өткізген.

Бұдан әрі Вице-премьердің іс сапары облыс орталығында жалғасып, сумен жабдықтау жүйесіне ерекше назар аударылды. Мұнда жарым ғасыр күрделі жөндеу көрмеген «Қарағанды Су» ЖШС-нің су тазарту кешенін қайта жаңарту амалдары жүргізіліп жатыр. Кәсіпорын басшысы Ер-

Оның төртеуі нақты іске асырыла бастаған. Осы күні өңірде кернеуі 110 кВ болатын екі электр беру желісі мен екі қосалқы станса қайта жаңартылуда. Мұның әрқайсысы – жарық кернеуінің тұрақты берілуіне, өндірістің іркіліссіз жұмысына, қалалар мен елдімекендердің қалыпты тіршілігіне әсер ететін маңызды нысандар. Сондықтан, атқарылып жатқан жұмыс тозған инфрақұрылымды жаңартумен шектелмейді. Негізгі мақсат – электр желілерінің беріктігін арттырып, өңірдің энергетикалық қауіпсіздігін жаңа деңгейге көтеру.

Жұмыс сапарының соңғы нүктесі Қарағандыдағы тағы бір маңызды жылу құрғатамыры «М-3» магистралі болды. Вице-премьер Қанат Бозымбаев мұнда қаланың екі ірі жылу магистралін қайта жаңарту жұмыстарының

сәтімен ауыстырылуда. Өңірдің міндеті – барлық қажетті жұмысты 15 қыркүйекке дейін аяқтап, гидравликалық сынақтарды өткізу және жылыту маусымына жүз пайыз дайындықпен келу. Түптеп келгенде, мұның бәрі халық үшін жасалып жатыр. Жылу, су және электр қуаты – адам күнделікті пайдаланатын тіршілік көздері. Сондықтан, біздің мақсатымыз – осы қызметтердің үздіксіз әрі тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, халықтың тұрмыс сапасын арттыру, – деді Қанат Алдабергенов.

Іссапардың өндірістік тынысы «ТЭМПО Қазақстан» ЖШС зауытында жалғасты. Мұнда Вице-премьер Қанат Бозымбаев болат құбырлар өндірісінің барысымен танысты. Зауыттың өндірістік қуаты жылына 300 мың тоннаға дейін өнім шығаруға мүмкіндік береді.

Жаңа дәуір, жаңа талап, жаңа бағдар



(Соңы. Басы 1-бетте).

Бұл бағыт жаңа оқу жылындағы білім мазмұнынан да көрініс тапмақ. 5-7-сыныптарда «Конституция негіздері», 8-11-сыныптарда «Заң мен тәртіп» міндетті курстары енгізіледі.

Жаңа оқу жылындағы өзгерістерді Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Шынар Ақпарова тарқатты. Күні

тартатын боламыз, – деді Шынар Ақпарова.

Ал, мектепке дейінгі білім беру жүйесінде де сапаға қойылатын талап күшейеді. Келер жылдан бастап мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру қызметін лицензиялау қарастырылмақ.

Бірінші вице-министр жасанды интеллектіні білім жүйесіне енгіздегі ұстанымның да айқын екенін

Өңірдегі өзгерістің өлшемі – нәтиже

Республикалық деңгейдегі міндеттер аймақта нақты жетелі жобалармен жалғасып келеді. Облыстың білім басқармасының басшысы Дулат Жекебаевтың мәліметінше, 2-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту 90,9 пайызға жеткен. Жыл соңына дейін екі мыңға жуық жаңа орын ашылып, көрсеткішті 96,4 пайызға жеткізу межеленген. Қарағанды қаласында ваучерлік қаржыландыру 123 мектепке дейінгі ұйымды қамтып, 600 миллион теңгеден астам бюджет қаражатын үнемдеген.

– Реновация бағдарламасы аясында алдағы екі жылда 51 мектеп күрделі жөндеуден өтеді. Бүгінде пәндік кабинеттермен қамту деңгейі 90 пайызға жетіп, 220 мектепте роботтехника зертханалары жұмыс істейді. Білім сапасын басқаруда да цифрлық мүмкіндіктерді кеңейтіп келеміз. EduTest.kz жүйесіндегі «Білім тексеру сынағы» оқушының білім деңгейін МОДО және PISA нәтижелерімен салыстырып, әлсіз тұстарын анықтауға мүмкіндік береді. Ал, «Білімал» платформасындағы

Басқарма басшысының баяндауынша, инклюзивті білім беру бағытындағы жұмыс та ауқымын кеңейтіп келеді. Облыста ерекше білім беру қажеттіліктері бар 17 мыңнан астам бала болса, олардың 92,1 пайызы психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтылған. Қажетті жағдайдың жасалуы нәтижесінде бұрын үйде білім алған 364 бала бүгінде мектеп қабырғасында қатарымен бірге білім алып жүр.

Білімнің болашағы – бүгінгі шешімде

Тамыз кеңесінде тәрбие мен руханият та назардан тыс қалған жоқ. «Кітап оқитын ұлт» қоғамдық қорының төрағасы Бақытжан Тұрлыбеков Қарағандыда бастау алған бастаманың оқырман ұлт қалыптастырудағы маңызына тоқталды.

Пленарлық отырысты түйіндеген облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев білім саласындағы басты міндет әр балаға сапалы әрі қолжетімді білім алуға лайықты жағдай жасау екенін атап өтті. Ермағанбет Қабулаұлының бүгінде облыс бюджетінің шамамен 48 пайызы осы салаға бағытталғанын, соңғы үш жылда өңірде 13 жаңа мектеп бой көтеріп, оның 10-ы «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында салынғанын айтты.

– Біздің басты міндетіміз – әрбір балаға лайықты жағдай жасау. Алдағы оқу жылы серпінді шешімдер мен инновациялар кезеңі болуы тиіс. Ауылдағы оқушының да қаладағы баламен бірдей мол мүмкіндігі болуы керек. Сонымен бірге, баланың қауіпсіздігі мен әл-ауқаты білім сапасынан бөлек қарламуға тиіс. Сондықтан, облыс балалардың әл-ауқатының өңірлік индексін әзірлеп, енгізу қажет, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Конференция соңында білім саласының бірқатар қызметкеріне Оқу-ағарту министрлігінің «Еңбек ардагері», «Ы.Алтынсарин» медальдары және «Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісі табысталды.

Суреттерді түсірген Александр МАРЧЕНКО

Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауда дауыс беру тәртібі

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Сайлау учаскесінде сол сайлау учаскесіндегі тізімге енгізілген сайлаушылар, сондай-ақ, есептен шығару куәліктерін ұсынған адамдар жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуі бойынша дауыс бере алады.

Әр сайлаушы жеке дауыс береді.

Сайлау бюллетені жасырын дауыс беруге арналған кабинада өзі жақтап дауыс беретін саяси партия атауының оң жағындағы бос шаршыға не «Бәріне қарсымын» деген жолдағы бос шаршыға белгі қою арқылы толтырылады.

Бюллетеньді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзі сенетін және оның тегі дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне енгізіліп, тұсына сайлаушының бюллетень алғандығы жөнінде қолы қойылатын адам-



ның көмегін пайдалануға хақылы.

Мыналар ондай адам болуға тиіс емес: сайлау комиссиясының мүшесі, жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы, кандидаттың сенім білдірген адамы, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі, тиісті сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы.

Толтырылған бюллетеньді сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

Үгітінен үміті басым кездесулер

Құрылтай депутаттығына кандидаттарды ұсынған жеті партияның сайлауалды науқаны аясында Қарағанды облысында сайлаушылармен және еңбек ұжымдарымен кездесулер өтіп, әлеуметтік-экономикалық даму, ауылдық аумақтарды қолдау, экология, жұмыспен қамту және өзге де өзекті мәселелер талқыланды.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Нақтырақ айтсақ, «Әділет» партиясының сайлауалды штабының кезекті кездесуі Steel қонақүйінің қызметкерлерімен өтіп, партияның сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттары мен басымдықтары таныстырылды. Кездесуде қызметкерлер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берілді.

Жиында партияның сайлауалды бағдарламада белгіленген міндеттердің орындалуын қадағалауға, олардың іске асу барысы туралы ақпарат алуға және өзекті мәселелер бойынша кері байланыс ұсынуға мүмкіндік беретін цифрлық платформа туралы түсініктеме берілді.

Ал, Осакаровка кентінде Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы өкілдерінің Осакаров ауданы тұрғындарымен кездесуі өтті. Кездесу барысында сайлауалды бағдарлама бағыттары таныстырылып, ауылдық аумақтарды дамыту мәселелері ортаға салынды.

Тұрғындар жайылымдық жерлердің қолжетімділігі мен әділ бөлінуі, бақташы тапшылығы, ауыл шаруашылығына несие мен лизинг алу, сондай-ақ, кепіл талаптарының қиындығы жөнінде ұсыныстарын айтты. Сонымен бірге, субсидиялау мен мемлекеттік қолдау тетіктерін қарапайым шаруаларға түсінікті әрі қолжетімді ету қажеттігі көтерілді.

Теміртау қаласындағы мәдениет сарайында Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы өкілдерінің сайлаушылармен кездесуі өтті. Кездесуде партияның сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттары таныстырылып, сұрақ-жауап түрінде әңгіме өрбіді. Әлеуметтік-экономикалық даму, экологиялық ахуалды жақсарту, қоршаған ортаны қорғау және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру мәселелері қозғалды. Одан бөлек, елдің тұрақты дамуына қатысты ұсыныстар мен басымдықтар туралы ақпарат берілді.

Қазақстан Халық партиясының өкілдері «Эко Эксперт» ЖШС еңбек ұжымымен кездесті. Жиында партияның сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттары туралы ақпарат беріліп, әлеуметтік және экономикалық мәселелер бойынша ұжым мүшелерінің пікірлері тыңдалды.

Кездесуде еңбек адамының құқықтары мен әлеуметтік жағдайы, халықтың әл-ауқатын



арттыру мәселелері сөз болды. Сондай-ақ, қоршаған ортаны қорғау, өндіріс орындарының экологиялық жауапкершілігі және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану тақырыптарына да назар аударылды.

«Ауыл» партиясының Қарқаралы өңіріндегі жұмыс сапары аясында Қарағайлы ауылының тұрғындарымен және тау-кен комбинатының еңбек ұжымымен кездесулер ұйымдастырылды. Жиылған жұмысшылар көкейінде жүрген сауалдарын қойды.

Кездесулерде елдімекеннің әлеуметтік-экономикалық ахуалы, инфрақұрылымның жай-күйі, тұрғындардың тұрмыс сапасы және жұмыспен қамту мәселелері сөз болды. Қатысушылар өздерін толғандырған мәселелерді айтып, ұсыныстары мен пікірлерін білдірді.

Ал, «Ақ жол» партиясының облыстық штабының өкілдері Шахтинск қаласындағы пенопласт өндіретін зауытқа барды. Сапар кезінде кәсіпорынның қызметі мен өндірістік жұмысының ұйымдастырылу барысымен танысып, жұмыс үдерісі туралы ақпарат алды.

Кездесу барысында партияның сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттары да таныстырылды. Талқылау кезінде өндіріс саласын қолдау, отандық кәсіпорындардың дамуына жағдай жасау және халықты толғандыратын мәселелер жөнінде пікір алмасты.

«Respublica» партиясының сайлауалды үгіт-насихат науқаны аясында «Қарағанды Автотор» ұжымымен жүздесу ұйымдастырылды. Кездесу кезінде партияның сайлауалды бағдарламасындағы негізгі бағыттар таныстырылып, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты басымдықтар туралы ақпарат берілді.

Талқылау барысында экономикалық өсім, жаңа жұмыс орындарын құру және халықтың әл-ауқатын арттыру мәселелері қозғалды. Автожол саласының қызметкерлері еңбек жағдайы, жол инфрақұрылымының жай-күйі және сала мамандарын қолдау жөніндегі пікірлері мен ұсыныстарын білдірді.

Кездесулер барысында партиялардың сайлауалды бағдарламалары таныстырылып, азаматтарды толғандыратын өзекті мәселелер талқыланды. Әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және өңірлік даму бағыттары бойынша пікір алмасып, тұрғындардың ұсыныстары мен сауалдарына назар аударылды. Сайлауалды науқан аясындағы кездесулер алдағы уақытта да жалғасады.

кеше ғана жаңа қызметке тағайындалған ол алғашқы жұмыс сапарын кеншілер өлкесінен бастағанын да айта кету керек.

– Біздің ортақ мақсатымыз – білімді, еңбеккор, жауапты әрі жасампаз ұрпақ тәрбиелеу. Әр баланың сапалы білім алып, қабілетін толық ашуына жағдай жасау – алдымыздағы басты міндет. Сондықтан, бастауыш сыныптарда БЖБ мен ТЖБ алынып тасталады. Басымдық баланы жиі бағалауға емес, оқу материалын терең түсініп, алған білімін іс жүзінде қолдануына беріледі. Оның орнына жазба жұмыстары мен диктантқа, оқу, жазу, математикалық және функционалдық сауаттылықты арттыратын тапсырмаларға көбірек көңіл бөлінеді. 5-9-сыныптарда іргелі пәндерді тереңдетіп оқытуға мән беріліп, 8-9-сыныптарда Қазақстан географиясын аптасына екі сағат оқыту көзделген. Жоғары сыныптарда негізгі пәндерді міндетті оқыту бекітіліп, қысқартылған үлгілік оқу жоспарларынан бас

атап өтті. ЖИ мұғалімнің орнын баспайды. Керісінше, жоспарлау, бағалау, сараланған тапсырмалар әзірлеу тәрізді күнделікті жұмысты жеңілдетіп, педагог уақытын үнемдеуге тиіс. Бұл мүмкіндік ауыл мектебіне де қаладағыдай қолжетімді болуы қажет.

мектепшілік бақылау модулі өткен оқу жылында 30 мектепте сыналып, жаңа оқу жылынан облыстың барлық мектебіне енгізіледі. Мықты мектеп есеппен емес, мәселені дер кезінде көріп, оның шешімін таба алатын адамдардан басталады, – деді Дулат Жекебаев.



• МЕРЕЙ

Білім ордасының белесі

Осыдан бір жыл бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Қарағанды зерттеу университеті атанған іргелі білім ордасына «Ұлттық» мәртебесі берілген еді. Кешегі күні бұл мерейлі мерекені университет жоғары деңгейде атап өтті. Білім шаңырағының бас корпусы алдында киіз үйден шағын ауыл тігіп, этно-тимбилдинг ұйымдастырылды. Ұлттық ойындар ойнатылып, өңір өнерпаздары өнер көрсетті. Отандық эстраданың жұлдызы Лұқпан Жолдасов университет тойына әннен шашу шашты. Зиялы қауым өкілдері қатысып, жылы лебізін білдірді.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандының Оңтүстік-Шығысын думанға бөлеген этно-тимбилдингке арнайы келген облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей мемлекет дамуында университеттің атқаратын айрықша миссиясын айшықтады.

– Қарағандыда қалыптасқан ғылыми мектеп бүгінде халықаралық деңгейде танымал. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті QS Asia 2026 рейтингінің нәтижелері бойынша орта Ази-

ядағы үздік білім ордасының ондығына кірді. Бұл – зор мақтаным! Осы орайда академик Евней Бөкетовтің «Менен кейін не болатынын білмеймін. Бірақ, мен еккен дәннің біреуі өз жемісін берсе, бақыттымын» деген сөзін еске алғым келеді. Ендігі міндет – білім ордасының қабырғасында туған ғылыми идеяларды өмірде жүзеге асыру, зерттеулерді өндіріспен ұштастыру, өңір мен елдің дамуына қызмет ететін жаңа технологиялар мен шешімдер ұсыну. Біз үшін BUKETOV университетінің орны ерқашан ерекше, – деді Әлібек Әлденей.

Осы тұста жыл сайын облыс басшылығы ғылым мен мәдениет саласында белсенді студенттерге гранттар мен арнайы жобалар арқылы қолдау көрсетуге айрықша мән беріліп келе жатқанын атап өткен жөн.

1938 жылдан бастап, іргетасы қаланған білім шаңырағы осы уақытқа дейін жүз қырық мыңнан астам білікті маман даярлапты. Отанымыздың экономикасы мен мәдениетіне, ғылымы мен біліміне өлшеусіз үлес қосып келеді. Қазіргі таңда университетте 12 факультет бар және жалпы саны 15 мыңнан астам студент білім алып жатыр.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің Басқарма мүшесі, әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректоры Нұржан Жетпісбаев Қасым-Жомарт Тоқаев университетке сенім артқанын және сол сенімді ақтау жолында еңбекті еселеу керектігін атап өтті.

– Алматыдағы Ұлттық уни-

верситеттен кейінгі еліміздегі екінші университет біздің университет екенін мақтан тұтамын. Сондықтан да, Ұлттық мәртебенің берілуі бұл – тарихи әділеттіліктің салтанат құруы деп білеміз. Осы іс-шара басталар алдында тарихшы ғалым, алаштанушы, ұстаз Нұрсахан Бейсенбекова 12 тамызды Университет күні деп атауды ұсынды. Бұл ұсынысқа айрықша мән береміз, – деді Нұржан Жетпісбаев.

Еліміздің техникалық кадрларын даярлауға және ғылыми-инновациялық әлеуетін арттыруға елеулі үлес қосып келе жатқан жоғары оқу орындарының бірі Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің ректоры Сәуле Сағынтаева мінберге шығып, өз құттықтауын жеткізді. Қазақтың Айбоз ақыны, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері Серік Ақсұңқарұлы да ұлттық рухты асқақтатар жалынды жырын оқыды.

Арқа спортының айбыны



(Соңы. Басы 1-бетте)

Артистикалық жүзуден Азия чемпионатында спортшыларымыз рекордтық деңгейде медаль еншіледі. Қарағандының үстел теннисі мектебінің өкілдері де республикалық және халықаралық турнирлерде тұрақты түрде жеңіске жетіп келеді. Жалпы, жыл басынан бері өңіріміздің 19 877 спортшысы 645 жарысқа қатысып, 5 900 медаль жеңіп алды. Алдымызда үлкен міндет – Азия ойындары. Қазіргі таңда Қарағанды облысынан 40 спортшы осы маңызды додаға қатысуға дайындалып жатыр, – деді Нұркен Қанатұлы.

Өңір спортының бүгінгі тынысын өткен кезеңнен ерекшелендіретін маңызды бағыттың бірі – инклюзивті спорт. Осы мақсатта мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында елімізде теңдесі жоқ жоба жүзеге асуда. Жоба аясында аутизм спектрі бұзылыстары, Даун синдромы және психикалық даму тежелуі бар балалар жүзу мен жеңіл атлетикаға қатысуына мүмкіндік жасалған. Сал ауруы бар балалар шахмат пен таэквондоны меңгеріп, өз мүмкіндіктерін жаңа қырынан танытуда.

– Қарағандының жас спортшылары республикалық және халықаралық жарыстарда жүлделі орындардан көрініп, мүмкіндігі шектеулі жандардың мүмкіндігі шын мәнінде шексіз екенін дәлелдеуде. Олардың әрбір жеңісі – қоғамдағы инклюзияның, табандылықтың және адам мүмкіндігінің жаңа шекарасын көрсететін маңызды нәтиже, – деді Нұркен Нұратов.

Басқарма басшысы бүгінде өңірден шыққан 119 ерекше спортшы Қазақстан ұлттық құрамасының сапында өнер көрсететінін атап өтті. Атап айтсақ, Қарағандының сурдо-футзалдан құрама командасы ел чемпиондары атанған. Ал, бочча,

шахмат, пара-армрестлинг, жүзу, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, жеңіл атлетика және пауэрлифтинг бағыттарында бақ сынаған спортшыларымыз ел біріншіліктерінде жеңімпаздар мен жүлдегерлер қатарынан көрініп жүр.

Сонымен қатар, Қарағандының спорттық шежіресінде ұлттық спорттың да орны айрықша. Уақыттың шаңына көмілмей, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық рухтың айнасы. Ат үстіндегі бабалардан қалған дәстүр, бәзкілемдегі балуандардың белдесуі, садақ оғының нысанаға дәл тиюі, тоғызқұмалақ тақтасындағы терең ой мен зерде – бәрі халқымыздың болмысымен біте қайнасқан асыл мұра. Бүгінде осы дәстүрлер жаңа сипат алып, спорттық жарыстар арқылы қайта жаңғырып келеді.

– Қарағандылық 54 спортшы Қазақстан ұлттық құрамасының сапына енді. Олар қазақ күресі, күсбегілік, тоғызқұмалақ, жамбы ату, асық ату, дәстүрлі садақ ату сынды ұлттық спорт түрлерінен елдік және халықаралық додаларда өңір намысын абыроймен қорғап жүр. Көкпаршыларымыз да жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. Өңірде ұлттық спортқа арналған ауқымды фестивальдер тұрақты өткізілуде. Осыған қарап-ақ дәстүрдің жаңғырып, ұлттық ойындардың жаңа буының өміріне қайта еніп келе жатқанын аңғаруға болады. Ал спорттың даму деңгейін айқындайтын басты көрсеткіштің бірі – оның инфрақұрылымы. Бүгінде облыста 1 384 спорт нысаны жұмыс істейді. Оның 331-і ауылдық жерлерде орналасқан. Спорттың географиясы кеңейіп, бұқаралық спортпен айналысуға мүмкіндік біртіндеп шалғай елдімекендерге де жетті, – деп атап өтті Нұркен Қанатұлы.

Биыл Приозерск қаласында, Шет ауда-

нындағы Кеңшоқы ауылында және Ақтас кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешендері ел игілігіне берілді. Қарқаралы ауданындағы Көктас ауылында салынып жатқан кешеннің құрылысы да аяқталуға жақын. Қазіргі таңда облыста тағы сегіз спорт нысанының құрылысы жалғасуда. Қарағайлы, Жарлы, Қушоқы, Успенка, Ақсу-Аюлы ауылында, Саран қаласы мен Күнгеі шағын ауданында жабық бассейндер бой көтеріп жатыр. Бұған қоса, облыс орталығында ірі футбол академиясының құрылысы басталды. Қолданыстағы нысандарды жаңғырту да назардан тыс қалған жоқ. Биыл тоғыз спорт нысанын жөндеуге 160,1 млн теңге бөлінген. Бүгінде оның жетеуінде жұмыстар толық аяқталыпты.

Қарағандының мінезі қашан да қайсарлықпен өлшенген. Кеше Қарағанды спортының данқын жекелеген чемпиондар асқатқатса, бүгін сол чемпиондарды тәрбиелейтін тұтас жүйе қалыптасып келеді. Спортқа қадам басқан кешегі жас санаулы үйірмемен шектелсе, бүгінде жастар үшін түрлі спорт секциялары, мамандандырылған мектептердің есігі айқара ашық. Сонау жылдары ауыл баласының үлкен спортқа жол тартуы сирек кездесетін жағдай болатын. Ал, бүгінде ауылдық жерлерде тұрақты ұйымдастырылатын түрлі жарыстар жас спортшыларға мүмкіндік беріп отыр. Демек, Қарағанды спортының ең үлкен жеңісі – осында. Спорт өңір халқының күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналып, ел тұрмысымен біте қайнасып келеді. Олай болса, кен қазған кеншілер астанасынан ел намысын қорғайтын чемпиондардың шығуы заңдылық!

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ

Ауылдың Атымтайы

Спорт адамды тек жеңіске емес, тәртіпке, табандылыққа және жауапкершілікке тәрбиелейді. Қарқаралы ауданына қарасты Татан ауылының тұмасы, кәсіпкер әрі меценат Айдос Ақшонтаевтың өмір жолына көз жүгіртсек, осы қасиеттердің барлығы оның бүгінгі қызметімен сабақтасып жатқанын аңғаруға болады. Кезінде тағамиде ел намысын қорғаған спортшы бүгінде ауыл жастарына қолдау көрсетіп, туған жерінің әлеуметтік мәселелерін шешуге атсалысып жүр.

Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Айдос Жазитұлының спорттағы жолы Ә.Молдағұлова атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатынан басталған. 1999 жылы аталған оқу орнына түсіп, үш жыл білім алған ол кейін екі жыл колледжде оқып, мамандық алып шығады. Алайда оның өмірінде спорттың орны ерекше болды. Негізгі бағыты – дзюдо. Сонымен қатар, самбо және қазақ күресімен де тұрақты түрде айналысты.

Сегіз жыл бойы спортпен шұғылданып, талай жарыста бақ сынаған ол спорт шебері атанды. Халықаралық турнирлерде жеңімпаз атанып, республикалық және облыстық деңгейдегі жарыстарда Қарағанды өңірінің намысын қорғады. Бүгінде ол Қарағанды облысының Қазақ күресі федерациясының вице-президенті лауазымында қызмет етіп, ұлт спортының дамуына елеулі үлес қосып жүр.

Спортшының айтуынша, күрес оның бойына ең алдымен қайсар мінез қалыптастырды.

– Спорт бізге тәртіпті, еңбекқорлықты, жеңіске ұмтылуды үйретті. Күресте ең бастысы – әділдік. Жеңіс те, жеңіліс те еңбектің нәтижесі болуы керек. Біз осы ұстанымды кейінгі жастарға да жеткізуге тырысамыз, – дейді Айдос Ақшонтаев.

Айдос Ақшонтаевтың өзі де спортта белгілі бір белеске дейін жетіп, одан әрі кәсіби жолын жалғастыру мүмкін болмағанын жасырмайды. Сондықтан бүгінгі жастарға жасалған қолдауды ол өз басынан өткен тәжірибемен байланыстырады.

– Біз спортта өзіміз соңына дейін бара алмадық. Сол кездегі кейбір қиындықтар мен мүмкіндіктің аздығы кейінгі жастардың жолын кеспесе екен дейміз. Өзіміз жіберген қателіктерді жастар қайталамай, спортта өз мүмкіндігін толық пайдалансын деген мақсатпен қолдау көрсетеміз. Қазір бұрынғыдай емес, спортқа қолдау көп. Тек еңбектену керек, – дейді ол.

Спорттан басталған өмір жолы Айдос Ақшонтаевты туған жерге қызмет етуге алып келді. Оның ауылға қатысты ең үлкен армандарының бірі – елдімекенге халыққа қажет нысандар салып, тұрғындардың тұрмысын жақсартуға үлес қосу.

Осы мақсатпен Татан ауылында 2018 жылы мешіт құрылысын бастады. Екі жылға созылған құрылыс 2020 жылы аяқталып, 2022 жылы мешіттің ресми ашылу рәсімі өтті. Бұл – оның туған ауылына жасаған ең қомақты тартуларының бірі.

Меценаттың қайырымдылық жұмысы мұнымен шектелмейді. Қыс мезгілінде ауыл тұрғындарына да тұрақты



көмек көрсетіп келеді. Жыл сайын Татан ауылына 100 тонна көмір жөнелтіліп, ол жағдайы төмен отбасыларға таратылады.

Коронавирус пандемиясы кезінде де ауылдастарынан қол үзбей, өкпені жасанды желдету аппаратын алып берді. Оқушыларды да назардан тыс қалдырмайды. Жыл сайын «Мектепке жол» акциясы аясында балаларға қажетті қолдау көрсетеді.

Меценаттың ауылға жасаған көмегінің тағы бір мысалы – Қарқаралы ауданындағы Қарағаш ауылы. Былтыр ауыл мектебінің 100 жылдық мерейтойы кезінде тұрғындар ауыз су мәселесін көтерген. Сапалы ауыз судың жоқтығы ауыл халқы үшін күнделікті тұрмыстағы күрделі мәселелердің бірі еді.

Сол жылында Айдос Ақшонтаев мәселені шешуге көмектесуге уәде берді. Биыл бұл уәде нақты іске айналды. Кәсіпкер өз қаражаты есебінен Қарағаш ауылындағы 43 үй орталықтандырылған ауыз су жүйесіне қосылды.

Айдос Ақшонтаев үшін туған жерге көмектесу бір реттік науқан емес. Оның жоспары бұдан да ауқымды. Оның армандарының бірі – туған ауылда заманауи спортзал ашу. Өйткені ауыл баласының үлкен спортқа жолы көбіне қарапайым жаттығу залынан басталады. Тиісті құрал-жабдық, жаттығатын орын, тәжірибелі бапкер болса, ауылдан да ел намысын қорғайтын спортшылар шығатынына ол сенеді.

Өйткені, чемпионды бір күнде қалыптастыру мүмкін емес. Оның жеңіске дейінгі жылдарында жылдар бойғы еңбек, тәртіп, бапкердің еңбегі, ата-ананың қолдауы және ең бастысы – спортшыға жасалған мүмкіндік тұрады. Айдос Ақшонтаев сол мүмкіндіктің жас спортшыларға көбірек берілуін қалайды.

Сурет кейіпкердің
жеке мұрағатынан

• РИНГ

Тоғыз минут, тұтас тағдыр

Рингте тоғыз минутта талай жеңістің тағдыры шешіледі. Бірі тұғырға қолы көтеріледі, енді бірі келесі жекпе-жекке дайындалуға кетеді. Көрермен үшін бәрі осы сәттен басталып, осы сәтпен аяқталғандай көрінуі мүмкін. Ал, бапкер үшін тоғыз минуттық жекпе-жек – жылдарға созылған еңбектің нәтижесі. Ол спортшының рингке қалай шыққанынан бастап, тактиканың орындалуына дейін әр сәтті бақылап отырады. Қарағандының әйелдер боксындағы бүгінгі жетістіктерде де осындай көрінбейтін еңбек бар. Сол еңбектің бір арнасында Қазақстанның ең жас Еңбек сіңірген жаттықтырушысы, «Құрмет» орденінің иегері, Қарағанды облысындағы әйелдер боксының бас бапкері Ислам Абдраимовтың есімі тұр.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Бүгінгі деңгейге жету үшін бір жыл немесе бір ғана нәтиже жеткіліксіз. Онда 10-15 жылдық үздіксіз, күнделікті еңбек бар. Жаттығулар, оқу-жаттығу жиындары, жарыстар, жеңістер мен жеңілістер. Қарағанды әрқашан әлемдік деңгейдегі спортшыларымен танымал. Біздің қаламыз – чемпиондар ұстаханасы, – дейді Ислам Абдраимов.

Бапкердің жұмысы сырт көзге қарапайым көрінуі мүмкін. Спортшы жаттығады, бапкер бақылап отырады. Алайда, оның жауапкершілігі мұнымен шектелмейді. Ол спортшыға тек соққы жасауды немесе қорғануды үйретпейді. Рингке шыққан адамның бойындағы қорқынышпен жұмыс істейді, жеңілістен кейін қайта тұруға, қысымға төтеп беруге, қиын сәтте өзіне сенуді үйретеді.

Ислам Абдраимов үшін жекпе-жекке дайындықтың маңызды бөлігі – спортшының психологиялық тұрғыдан қалыптасуы. Оның шәкірті рингке шыққанда өзіне сенімді болуы керек. Қарсыластан бұрын өз қорқынышын жеңе алмаған адамға ең мықты тактиканың өзі көмектеспейді мүмкін. Сол себепті бапкер спортшыларын белгіленген жоспарды орындауды, қобалжуға берілмеуді және жекпе-жек басталмай тұрып-ақ жеңіліп қалмауды талап етеді.

Әйелдер боксымен жұмыс істеудің өзіндік ерекшелігі де бар. Ислам Абдраимов қыздардың тәртібін жоғары бағалайды. Дегенмен, тәртіппен қатар әр спортшының мінезін түсіну маңызды деп есептейді. Біріне қатаң талап қажет болса, екіншісіне жылы сөз бен қолдау керек. Бапкер үшін шәкіртін түсіну – жаттығу жоспарын құрудан кем емес міндет. Өйткені спортшының физикалық дайындығы қанша-



лықты жоғары болса да, оның ішкі жағдайы ескерілмесе, нәтиже де күткендей болмауы мүмкін.

Бұл ұстанымға оның өз өмір жолы да әсер еткен. Кәсіби жолының ең ауыр кезеңдерінің бірінде оның өмірінде үлкен жауапкершілік қатар келді. Барар жері болмай, спортзалда тұрған кездері де болды. Сол уақытта анасы мен әжесі де оның қамқорлығында еді. Мұндай қиындық адамды қажытып, арманынан бас тартуға мәжбүр етуі мүмкін. Бірақ, ол жаттықтыруды тоқтатпады. Керісінше, сол кезеңде өзіне үлкен мақсат қойып, қандай жағдай болса да, жетістікке жетуге, тарих жаса-

уға және нәтижеге қол жеткізуге бел буды. Бәлкім, сондықтан да, ол жеңілген спортшыға бірден қысым жасамайды. Жеңілістің қандай сезім екенін өзі де жақсы біледі. Жекпе-жектең ұтылған спортшының ішінде онсыз да ауыр салмақ болады. Мұндай сәтте оған қосымша қысым емес, алдымен қолдау қажет. Ислам Абдраимов шәкіртінің есін жиып, жеңілісті қабылдауына мүмкіндік береді. Бірнеше күн өткен соң ғана жекпе-жектегі қателіктерді талдап, оларды түзетуге кіріседі. Жеңіске жеткен спортшыға да тоқмейілуге жол жоқ. Бір медаль немесе бір жеңіс жұмыстың

аяқталғанын білдірмейді. Керісінше, келесі белеске деген жауапкершілікті арттырады.

Әйелдер боксы осы жүйенің нәтижесін айқын көрсетіп отыр. Қарағандының бокс тарихында жаңа белес ашқан Аида Әбікеева Әйелдер арасында әлем чемпионы атанған алғашқы жерлесіміз. Кейін ол бұл жетістігін тағы қайталап, екі дүркін әлем чемпионы атанды. Бапкердің шәкірттері арасында ерекше із қалдырған спортшының бірі осы – Аида. Бапкер оның спорттағы жолын, мінезін және еңбекке деген көзқарасын ерекше атап өтеді. Аиданың жетістігі де чемпиондықтың тек талантпен немесе физикалық дайындықпен келмейтінін көрсетеді. Оның артында күнделікті еңбек, тәртіп және өзіңді жеңе білу қабілеті тұр. Әлем чемпионатындағы екі жеңіс – үлкен нәтиже. Бірақ бапкер үшін бұл межеге жеткен соң тоқтайтын уақыт емес. Әр жеңіс келесі мақсатқа деген жауапкершілікті арттыра түседі.

Бүгінде Ислам Абдраимовтың алдында тұрған басты міндет – Қарағандыдағы әйелдер бокс мектебінің мүмкіндігін жаңа деңгейге көтеру. Ол үшін халықаралық жарыстарға көбірек қатысу, мықты спаррингтер өткізу, оқу-жаттығу жиындарын көбейту және әлемнің үздік спортшыларымен тәжірибе алмасу қажет. Халықаралық деңгейдегі бәсеке спортшыдан үнемі ізденуді, жаңа

әдістерді меңгеруді және дайындық деңгейін арттыруды талап етеді. Қарағандының әлем чемпиондарын тәрбиелей алатыны дәлелденді. Ендігі үлкен мақсат – Азия ойындары мен Олимпиада. Бұл жарыстар спортшы үшін ғана емес, бапкер үшін де үлкен сын. Мұнда жеке спортшының дайындығымен бірге тұтас мектептің мүмкіндігі сыналады. Бүгінгі медальдар – келесі биіктерге бастайтын баспалдақ.

– Жаттықтырушы ретінде өзімнен кейін өзімнің бокс мектебімді және туған қалам – Қарағандының дамуына қосқан үлесімді қалдырғым келеді. Қаламыз бен еліміздің намысын қорғайтын мықты спортшыларды, чемпиондарды және нағыз азаматтарды тәрбиелегім келеді. Менен кейін тек медальдар ғана емес, мықты бокс мектебі, шәкірттерім және менің жолымды жалғастыратын жаттықтырушылар қалса деймін, – дейді бапкер.

Қарағандының әйелдер боксы бүгінде ел назарындағы спорт бағыттарының біріне айналып келеді. Оның әрбір жеңісінде спортшы қыздардың қайсарлығы ғана емес, сол қайсарлықты күн сайын шыңдап отырған бапкерлердің еңбегі бар. Сол еңбектің бір бөлігі Ислам Абдраимовтың есімімен тығыз байланысты.

Сурет кейіпкердің
жеке мұрағатынан

Мектеп формасы: талап пен талғам үндесе ме?

Жаңа оқу жылына санаулы күн қалды. Қазір ата-аналардың күн тәртібінде мектепке қажетті талай дүниенің тізімі тұр. Ал, сол тізімнің ең маңыздысы – мектеп формасы.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мектеп формасы сырттай қарағанда қарапайым ғана киім болып көрінуі мүмкін. Алайда, оның төркінінде тәртіп, баланың қауіпсіздігі мен жайлылығы, ата-ананың қаржылық мүмкіндігі, мектептің жауапкершілігі сияқты бірнеше мәселе тоғысады. 2026-2027 оқу жылы қарсаңында мектеп формасына қойылатын талаптарды білу ата-ана үшін маңызды. Биыл негізгі талаптар өзгеріссіз қалды. Демек, ата-анаға жыл сайын жаңа ереже іздеп, алаңдаудың қажеті жоқ. Қолданыстағы талаптардың ішінде көпшілік біле бермейтін маңызды тұстар бар.

Міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар оны қолдануда бірізділікті қамтамасыз етуге, ата-аналардың оң көзқарасын қалыптастыруға және білім беру ұйымдарының жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Яғни, мектеп формасының мақсаты – оқушыларды бірдей киіндірумен ғана шектелмейді. Ол білім беру ұйымындағы ортақ тәртіп пен іскерлік органы қалыптастырудың бір элементі саналады.

Ұлдар мен қыздарға арналған мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді. Оны таңдауда білім алушылардың жас ерекшеліктері, климаттық жағдайлар, сабақ өтетін орын, оқу ғимаратындағы температуралық режим және қауіпсіздік талаптары ескеріледі. Мектеп формасының түсі мен үлгісі де белгілі бір талаптарға сай болуы керек. Киім классикалық стильге сәйкес келіп, бірыңғай түстер гаммасында орындалады, ал, түстердің шамадан тыс араласуына жол берілмейді. Ұлдарға арналған формада пиджак, жилет, шалбар, күнделікті және мерекелік жейде, трикотаж кофта, кардиган, поло жейде немесе тенниска сияқты киімдер қарастырылған. Қыздарға пиджак, жилет, белдемше, шалбар, классикалық блузка, кардиган, поло жейде немесе тенниска ұсынылады. Суық мезгілде климатқа қарай жилет, сарафан және водолазка секілді киімдерді пайдалануға болады. Шалбар еркін пішілген,



тобықты жауып тұратындай болуы тиіс.

Мұнда бір маңызды мәселе бар. Мектеп формасының нақты пішімін білім беру ұйымы өз бетінше ғана белгілемейді. Ол қамқоршылық кеңестің, ата-аналар комитетінің және мектептегі өзін-өзі басқару органдарының қатысуымен айқындалады. Қабылданған шешім жалпы мектептік ата-аналар жиналысының хаттамасымен бекітіледі. Егер кейін формаға қандай да бір өзгеріс енгізу қажет болса, бұл өзгерістер де аталған органдармен келісіліп қабылданады. Ата-ана баласына форма сатып алмас бұрын мектепте бекітілген нақты талаптарды біліп алғаны жөн. Бұл әрі артық шығыннан сақтайды, әрі талапқа сәйкес келмейтін киім сатып алудың алдын алады.

Оқу-ағарту вице-министрі Шынар Ақпарованың түсіндіруінше, мектеп формасына қойылатын талаптардың негізгі мақсаты – білім беру ұйымдарында ортақ тәртіпті қалыптастырумен қатар, оқушының қауіпсіздігі мен оқу жағдайына сәйкестігін қамтамасыз ету. Оның айтуынша,

ата-аналар форманы өздері таңдаған өндірішіден немесе сауда желісінен сатып ала алады, ал, мектептер белгілі бір өндірісше басымдық бермеуі тиіс. Бұл ретте ең маңыздысы – форманың белгіленген талаптарға сай болуы, баланың жас ерекшелігі мен оқу жағдайына сәйкес келуі және қауіпсіздік нормаларын сақтауы.

– Мектепке дайындықтың ата-ана қалтасына салмақ түсіретіні жасырын емес. Бір балаға форма сатып алумен шектелмей, аяқ киім, сөмке, спорттық киім, кеңсе тауарлары секілді қажетті заттарды да алу керек. Бір отбасында бірнеше оқушы болса, шығын көлемі одан әрі артады. Осыны ескере отырып, әлеуметтік осал санаттағы отбасылардың балаларына Жалпыға бірдей білім беру қоры аясында мемлекеттік қолдау көрсетіледі. Оның аясында мектеп формасын, аяқ киім мен мектепке қажетті оқу құралдарын сатып алуға көмек қарастырылған. 2026-2027 оқу жылы қарсаңында мұндай қолдаумен шамамен 450 мың баланы қамту жоспарланып отыр. Осы мақсатқа жергілікті бюджеттерден

шамамен 23 млрд теңге қарастырылған. Бұл – қағаздағы ғана көрсеткіш емес, жаңа оқу жылына дайындық кезінде қаржылық қиындық көретін жүздеген мың бала мен олардың отбасы үшін нақты қолдау, – деді Шынар Ақпарова.

Қаламыздағы мектептердің ресми ақпараттарында 2026 жылы жалпыға бірдей білім беру қоры есебінен әлеуметтік көмек алушыларға 50 851 теңге көлемінде қаражат қарастырылғаны көрсетілген.

Мектеп формасына қойылатын талаптардың ішінде баланың қауіпсіздігі мен денсаулығына қатысты нормалар да бар. Оқу жылы бойы оқушының үстінен түспейтін киімнің сапасы оның күнделікті жағдайына тікелей әсер етеді. Осы ретте мамандар ата-аналарға форма таңдағанда сыртқы үлгісіне ғана емес, оның санитариялық талаптарға сәйкестігіне де мән беруге кеңес береді.

– Мектеп формасын таңдағанда ата-ананың назары тек бағаға түспеуі керек. Бала бұл киімді күн сайын бірнеше сағат бойы киеді. Сондықтан, оның денеге жай-



БОЛАШАҚ ҰРПАҚ

лылығы, қозғалысқа кедергі келтірмеуі, ауа райына сәйкестігі және матасының сапасы маңызды. Киім сатып аларда оның затбелгісіндегі матаның құрамына, өндірушісіне, өлшеміне және күтім жасау тәртібіне назар аударған жөн. Баланың денесіне тым тар немесе керісінше шамадан тыс кең киім сабақ кезінде жайсыздық туғыруы мүмкін. Бастауыш сынып оқушылары үшін бұл мәселеге мұқият қараған дұрыс, өйткені, олар сабақ арасында белсенді қозғалады. Қауіпсіздік мәселесі де назардан тыс қалмауы тиіс. Қолданыстағы талаптарға сәйкес мектеп формасында жаракат келтіруі мүмкін фурнитура мен аксессуарлар болмауы керек, – деді Шахтинск қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің міндетін атқарушы Гүлнар Жұмағұлова.

Жаңа оқу жылы басталды екен деп былтырғы форманы бірден шетке ысырудың да қажеті жоқ. Егер өткен жылы алынған киім баланың өлшеміне сай болса, түсі мен үлгісі мектеп талабына сәйкес келсе және сыртқы жағдайы жақсы сақталса, оны қайта пайдалануға болады. Балалардың тез өсетінін ескерсек, бұл отбасы бюджетіне түсетін салмақты азайтудың тиімді жолы. Алдымен үйдегі бар дүниені түгендеп, содан кейін ғана жетіспейтін заттарды алғаны дұрыс.

Мектеп формасына қатысты тағы бір маңызды мәселе ата-ананың міндеті. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ата-аналар білім беру ұйымының жарғысында белгіленген қағидаларды және міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті. Демек, ата-ана мектептің бекіткен талаптарын алдын ала біліп, баласына сол талапқа сәйкес киім таңдауы қажет.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Өндіріс маманды өзі даярлайды

Бүгінгі еңбек нарығына құр диплом емес, өндіріс ырғағына бейімделген, заманауи техниканы еркін меңгерген майталман маман қажет. Әсіресе, өнеркәсібі өркендеген кеншілер өнірінде теориялық білімді тәжірибемен ұштастырудың маңызы зор. Осы орайда білім мен өндіріс арасын жақындастыратын басты тетік – дуальды оқыту жүйесі. Студентті оқу орнында жүріп-ақ, кәсіпорын тынысымен таныстыратын бұл әдіс жас маманға білігін шыңдауға жол ашса, жұмыс берушіге болашақ кадрын ертерек танып-білуге мүмкіндік береді.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кәсіби машық қалыптастырылды

Аймақта бұл бағыттың ауқымы жылдан-жылға кеңейіп келеді. 2024-2025 оқу жылында дуальды оқыту жүйесімен 35 колледждің 6 948 студенті қамтылса, 2025-2026 оқу жылында олардың саны 8 132-ге жеткен. Бүгінде 37 колледж білім мен еңбекті қатар өрбіткен осы тәсілді қолданады. Ал, маман даярлау ісіне өңірдегі 464 кәсіпорын мен ұйым тікелей араласып отыр.

Бір қарағанда, мәселенің мәнісі студент санында емес. Әйткенмен, дуальды оқытудың шынайы бағасы өндіріс табалдырығын студент болып аттаған жастың ертең сол жерге білікті маман болып оралуымен өлшенсе керек. Ендеше, оқу мен еңбекті қатар ұштастырған бұл жүйе жас маманды нақты жұмыс орнына қаншалықты жақындатып отыр?

Дуальды оқытудың дәстүрлі оқу жүйесінен негізгі айырмасы – жұмыс берушінің маман даярлау үдерісіне сырттай бақылаушы болып қалмауында. Кәсіпорын студентті тәжірибеге қабылдаумен қоса, оның бойында өз өндірісіне қажет кәсіби машықты қалыптастырады.

– Дуальды оқытудың артықшылығы да сол – студент теориялық білімін өндірісте бірден бекітеді. Жұмыс беруші де болашақ маманын сырттан іздемей, оны оқу кезеңінен бастап, өз өндірісінің талабына бейімдейді. Студент кәсіпорынның жұмыс

тәртібін, технологиялық үдерісін, ұжыммен жұмыс істеуді ертерек меңгереді. Соның нәтижесінде диплом алғаннан кейін еңбек ортасына қайта бейімделуге уақыт жоғалтпайды, – дейді облыстың білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің бас маманы Айгерім Түркенова.

Бұл тәсілдің көшелі көрсеткішін жұмысқа орналасу нәтижесінен аңғаруға болады. Білім басқармасының мамандары ұсынған мәліметке жүгінсек, дуальды оқытумен қамтылған 2 596 түлектің 1 200-і тәжірибеден өткен кәсіпорнына тұрақты жұмысқа қабылданған. Яғни, студент кезінде барған өндіріс орны мыңнан астам жас үшін кейін нақты жұмыс орнына айналған.

Әйткенмен, бұл көрсеткішті дуальды оқытудың түпкі нәтижесі деп біржақты бағалау дұрыс болмас. Қолда бар деректе қалған түлектердің қаншасы өзге кәсіпорындарға орналасқаны, білімін жалғастырғаны немесе басқа бағытты таңдағаны жеке көрсетілмеген. Сондықтан, жүйенің тиімділігін тек тәжірибеден өткендердің санымен өлшеу жеткіліксіз. Мұндағы басты мәселе – студент алған кәсібін еңбек нарығында көдеге жарата алды ма, жоқ па – осы.

Әйтсе де, бір нәрсе анық. Жас маман өндіріс есігін диплом алғаннан кейін алғаш рет ашқан көрі, сол органдың тәртібі мен талабын оқу кезінде танығаны әлдеқайда тиімді. Өйткені, мамандықты меңгеру – станоктың тетігін немесе технологиялық үдерістің ретін жаттап алумен түгесілмейді.



Оқу бағдарламасын өндіріс те жасайды

Дуальды оқытудың жауапкершілігі студентті кәсіпорынға тәжірибеге жіберумен ғана шектелмейді. Егер колледждегі оқу мазмұны өндірістегі технологиядан кейін қалып қойса, тәжірибенің өзі де күткен нәтижеге жеткізбейді. Сондықтан, маман даярлау ісіне жұмыс берушілердің тікелей араласуы маңызды.

Облыстың білім басқармасы ұсынған мәліметке сүйенсек, 2024-2026 жылдар аралығында кәсіпорындармен бірлесіп 303 білім беру бағдарламасы әзірленген, яки жаңартылған. Жұмыс берушілер оқу бағдарламаларын жетілдіруге, сондай-ақ, емтихан мен қорытынды аттестаттауға қатысады. Кейбір мамандықтар бойынша студенттің кәсіби машығы демонстрациялық (онлайн желі) емтихан арқылы бағаланады.

Мұның астарында қарапайым ғана талап бар. Колледж кешегі өндіріс үшін емес, ертеңгі еңбек нарығы үшін маман даярлауы керек.

Өйткені, технология тұралап тұрған жоқ. Кеше қолмен атқарылған жұмыстың бір бөлігі бүгінде автоматтандырылған жүйеге көшті.

Сондықтан, оқу бағдарламалары да өндірістегі өзгеріс көшіне ілесіп келеді. Айгерім Өміртайқызының айтуынша, тау-кен өндірісі мен энергетикада автоматтандыру мен цифрландыруға, ақпараттық бағыттарда жасанды интеллект, деректерді талдау, киберқауіпсіздік пен бұлтты технологияларға қатысты мазмұн енгізіліп жатыр. Ал, жұмысшы мамандықтарында заманауи дәнекерлеу тәсілдері, бақылау-өлшеу аспаптары және сандық бағдарламалық басқарылатын жабдықпен жұмыс істеу дағдыларына басымдық берілмек.

Қамту артты, нәтиже ше?

Оқытушы студентке кәсіптің теориялық негізін үйретсе, өндірістегі аға маман сол білімнің нақты тұжырымы қалай іске асатынын көрсетеді.

Осындай байланыстың нақты

мысалын теміржол саласынан көре аламыз. Қарағанды теміржолшылар колледжінің II курс студенті Жарқын Рымқұл өндірістік іс-тәжірибеге шыққанда, оның ойында бірден жұмысқа орналасу болған жоқ.

– Семестр біткенде өндірістік іс-тәжірибеден өтіп, одан кейін ауылға демалысқа барамын деп ойладым. Бірақ, тәжірибе кезінде сол жерден жұмысқа қалу туралы ұсыныс түсті. Үйдегілермен ақылдасып едім, олар да қолдады. Оқуды да жалғастырып, қатар жұмыс істеп жүргеннің пайдасы көп екен. Бір жағынан, теориялық білімді толықтырсам, екінші жағынан, мамандығымды өндірісте меңгеріп, жетілдіріп келемін, – дейді колледждің II курс студенті Жарқын Рымқұл.

Бір қарағанда, Жарқын өндірістік тәжірибеге жұмыс іздеп барған жоқ. Бірақ, тәжірибенің өзі оған жұмысқа апарар жол ашты. Бұл – дуальды оқытудың қағаздағы көрсеткіштен нақты еңбекке айналған тұсы.

«Qarmet» компаниясына қарасты



ПРЕЗИДЕНТ
ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Қарағанды жүк тиеу-көлік басқармасының «Восточная» теміржол станциясының бастығы Рамазан Әлекенов осы саланың ыстығы мен суығын қатар көрген маман. Ол теміржолдағы еңбек жолын пойыз құрастырушыдан бастап, 33 жыл ішінде станция бастығына дейінгі кәсіби сатылардан өтті.

– Осы жылдар ішінде талай жас маман келіп, талайы кетті. Шыны керек, бұл – машақаты мол жұмыс. Алғашқы кезде табысы да көңілдегідей бола бермейді. Сондықтан, тұрақтамай кететіндер көп. Бірақ, бәрі бірден емес, біртіндеп болатынын ескерсек, сарыауыз, жас маманды біртіндеп баулып, қанаттандыру керек. Жарқынға дейін де бірнеше шәкіртіміз болды, одан кейін де болатынына шүбә жоқ. Біздің міндетіміз – оларға бар білгенімізді үйретіп, өндірістің оң-солын таныту, – дейді Рамазан Әлекенов.

Сайып келгенде, дуальды оқытудың ауқымы уақыт озған сайын ұлғайып келеді. Колледждер саны көбейді, кәсіпорындар қатары артты, мыңдаған студент өндірістік ортаға араласты. Десе де, кез келген жүйенің бағасы оның қанша адамды қамтығанымен емес, қандай нәтиже бергенімен өлшенеді.

Сондықтан, ендігі меже – саннан сапаға көшу. Кәсіпорын бүгін студентті дұрыс баули алса, ертең дайын маман іздеп сабылмайды. Ал, жасөспірім оқу кезінде-ақ, еңбек ортасына бейімделсе, диплом алғаннан кейін кәсіби жолын қайта басынан бастамайды. Дуальды білімнің шынайы мәні де осында болса керек.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• АКАДЕМИК, МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚТЫҢ ЛАУРЕАТЫ СЕРҒАЗЫ ӘДЕКЕНОВ – 70 ЖАСТА

Арқа жусанын әлемге танытқан академик

(очерк)

Академик Серғазы Әдеkenовті көптен бері, тіпті, бала күнінен толғандырып жүрген толғақты мәселелердің бірлі-жарымы ғана шешімін тапты демесеңіз, көбінің шегіне әлі жеткен жоқ. Өзінің жаны қалаған ғылыми жұмысымен жарты ғасырдан астам уақыт жүйелі түрде шұғылданып келеді. Таңдаған саласы – табиғи қосылыстар химиясы. Фитохимияның ғылыми теориясын өндіріспен сабақтастырған ғалымның әрбір ғылыми жобасының артында әлеуметтік мәселе бой көтереді. Ондай сәттерде ғалым Серғазы Мыңжасарұлы күрескерлік рухын шындап, қайраткерге айналып шыға келеді.

Академиктің асыл мұраты – туған халқының игілігі. Депутаттық мінберде де, ғылыми зертханада да көтеретін мәселе, зерделейтін зерттеуі – халық денсаулығы. Тура бүгін жетпіс дейтін жотаға сергек көтерілген ғалым-қайраткердің жанын жай таптырмай жүрген мәселе көп.

Еліміздің экологиялық ахуалы. Аяулы анасының беймезгіл қазасы. «Қатерлі ісік» атанған обырдың озбыр қаһары. Жаралы жүрек, қаралы статистика. Қатерлі ісіктің «жасарып» бара жатқаны да ойландырмай қоймайды. Не керек, алты құрлыққа танылған атағы жер жарып, ғылымдағы жетістігін жердің өзі әрең көтеріп тұрса да, Әдеkenов әлемінің ізденісі іркілген жоқ.




верттерін бір-бірлеп аша бастады. Құттықтаулар, алғыс, ыстық ықылас, ақ пейіл арқалай жеткен хаттар екен. Бірнешеуі – шетелден. Мына бір хат:

«Қадірлі Серғазы Мыңжасарұлы! Жетпіс жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Сіз – отандық химия ғылымының негізін қалаушы, Қарағандыны қазақ химия ғылымының орталығына айналдырған ғұлама ғалым Ебіней Бөкетов пен Орталық Қазақстанда табиғи қосылыстар бойынша ғылыми мектеп қалыптастырған дарынды ғалым Марат Мұхаметжановтың шәкірті ретінде дәрілік өсімдіктер химиясын ұдай зертханадан ұлттық орталық дәрежесіне көтерген дарынды ғалым, қажырлы қайраткерсіз», – деп басталыпты. Мақтауды жаны қаламаса да, ұлы ұстаздарының есімі аталған хатты оқып, әжептәуір мағұрланып қалды. Тағы да көз алдына, көңіл көкжиегіне өткен өмірдің өрнекті сәттері, сағыныш отын маздатар шуақты күндер көтеріле қалғаны.

...Мектепті «Алтын медальмен» бітіріп, Қарағанды Мемлекеттік университетінің химия факультетіне сынақ тапсырып жатты. Кен аудитория. Химия пәнінен сынақ алушы – фитохимияның тұтас бір ғылыми бағытында елеулі із қалдырған белгілі ғалым, Мемлекеттік



Мыңжасар және Серғазы Әдеkenовтер, 1973 жыл

сыйлықтың лауреаты Марат Нығметжанұлы Мұхаметжанов. Талапкер Әдеkenovтің жауаптарына риза болып, оның алғырлығын аңғарып қалса керек, қыркүйек айында сабақ басталысымен, оны табиғи қосылыстар химиясының зертханасына жиі шақыратын болды. Зертханада жасалып жатқан тәжірибелер мен зерттеулердің мән-маңызын түсіндіріп, талапты шәкіртті бірден ғылымға баулыды. Сөйтіп, Серғазының дәрілік өсімдіктер химиясы бағытындағы алғашқы қадамы бірінші курста-ақ басталып еді ғой.

Университет ректоры, академик Ебіней Бөкетовтің де болашақ академиктің талабына деген ықыласы ерекше болды. Мыңдаған студенттің арасынан Серғазыны жеке қабылдап, ғылыми жұмыстарына қатысты бағыт-бағдар беріп отыратын еді ғой жартылықтай. Университетті «Лениндік шәкіртақымен» оқып, қоғамдық жұмысқа да белсене қатысып жүрген, санаулы күнде оқу орны «Қызыл дипломмен» бітіріп, бірден аспирантураға барамын деп жүрген райынан қайтарған да сол Бөкетов еді.

Соңғы курс. Университеттің тұңғыш ректоры, академик Ебіней Арыстанұлы қабылдады. Болашағынан зор үміт күттіретін таңдаулы шәкіртінің алдағы күнге межелеп қойған жоспарын біліп қалған секілді. Мәселеге төтесінен түсіп: – Байқаймын, Серғазы, сен аспирант болуға асығатын секілдісің ғой.

Асықағаның абзал. Мен сенің жолыңа бөгет болғалы тұрған жоқпын. Дұрыс түсін. Тура қазір саған өзіміздің химия-металлургия ғылыми-зерттеу институтының зертханасында лаборант болып тер төккен дұрыс болады-ау. Сенің бес жылғы алған теориялық білімің барынша жеткілікті. Үздік оқыдың.

Ғылымға деген қабілетіңе де шәк келтірмеймін. Енді осы теориялық білімді практикамен ұштастыруың керек. Егер, осылай істесең, болашақта айналысар ғылымның барлық қыры мен сырын жетік меңгеріп шыққан болар едің. Одан кейін мен немесе басқа бір оқытушы сенің диссертацияңа тақырып іздеп әуре де болмайтын едік. Ол тақырыпты сен өзін тауып, өзін таңдап шығасың. Сен ғылымға бармайсың, ғылым саған өзі келеді, – деді.

Ұлы ұстазға бір ауыз қарсы уәж айтпаған Серғазы Мыңжасарұлының болашақ ғалым ретіндегі жолы да, бағыты да осы кездесуде шешілді десе де болады. Сол күнгі кездесу, рекормен екеуара болған келелі әңгіме, ғұлама ғалымның жас ғалымға берген кеңесі, айтқан ақылы күні бүгінге дейін жадында сақтаулы.

Бастауында біртуар Бөкетов тұрған Қарағандыдағы химия ғылымы мектебі әлемдік деңгейдегі айтулы ғылыми ордаға айналды. Сол ғылыми мектептің қалыптасу, дәуірлеу кезеңінде академиктер Зейнолла Молдахметовтің, Жантөре Әбішевтің, еңбек сіңірген ғылым қайраткері, профессор Альфред Кагарлицкийдің айшықты қолтаңбасы бар. Бұл ғалымдардың Серғазы Әдеkenovтің де ғалым ретінде қалыптасуына көрсеткен ұстаздық, әкелік қамқорлықтары зор.

Ой үстіндегі академиктің көңілі толқып кетті. Ортақ мақсат жолында бір бағытқа ой жұмылдырған сол аға буын өкілдерімен арадағы сыйластықтары да, өмірден ерте өткендеріне деген қимастықтары да жанын тебіреніп жіберді. Әсіресе, ғылым әлеміндегі серіктесі, қанаттасы, аға десең – ағалыққа жараған, дана десең – даналыққа жараған белгілі ғалым, профессор, Қ.Сәтбаев атындағы сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, марқұм Болат Қасеновтің орны ерекше еді ғой, шіркін.

Ормандай ойдың шегі жоқ секілді. Марқұм болған ағалары, ұстаздары, әріптестерінің ерен еңбегі, жарқын бейнелері ойына шырмалған сайын, жүрегі шымырлап сала береді. Сағыныш бар. Өлгінде есімі аталған ұстаздары мен

дан дәлелдеді. Соның ішінде тықыр жусаннан зор үміт күтетіндігін атап айтқан.

Бала күнінде әкесі таныстырған тықыр жусанның қасиетін жүйелі зерттеулер нәтижесінде дәлелдеп, оның рак ауруына қарсы белсенділігі жоғары екендігін нақтылады. Тықыр жусанды зерттеп, «Арглабин» препаратын өндіріске енгізгенше 17 жыл уақыты кетті. Ғылым жолының «Инемен құдық қазғандай» күрделі болатыны сол, іс ұзақ уақыт көзге көрінбейді. Түпкі нәтижеге дейін сабырдың сарқып алуың ықтимал. Обырға қарсы дәрінің осынша уақыт табылмауының да себебі сол болуы мүмкін. Бәлкім, талай зерттеулер небір ғалымдардың төзімін түгесіп, сабырын сарқып жіберген шығар... Әйтпесе, Арқаның тықыр жусанын ресейлік ботаниктер Г.Карелин мен И.Кирилов 1840 жылы Қарқаралы тауларынан жинап әкетіпті. Олар жинаған тықыр жусан Париждегі орталық гербарий қорында сақтаулы тұр. Дәрілік қасиеті XIX ғасырда белгілі болғанымен, тықыр жусаннан раққа қарсы дәрі жасауға бірде-бір ғалымның тісі батпаған. Адамзат тарихында әлем ғалымдарының арманы болған обырға қарсы дәріні жасау бақыты қазақ ғалымы Серғазы Мыңжасарұлына бұйырағын айттыңыз.

Қазақ академияның бұл жаңалығын алғаш болып Америка мойындап, «Ғасыр жаңалығы» деп ресми түрде мәлімдеді. Ал, Қазақстан болса, әлем онкологтары бөркін аспанға атып жатқанда, «Арглабинді» жасап шығарған Серғазы Әдеkenov бастаған авторлар ұжымына Мемлекеттік сыйлықты әрең беріп жатыр еді. «Арглабиннің» халықаралық қауымдастықта теңдессіз жаңалық болғанын АҚШ-тағы рак ауруын емдеу орталығының директоры, профессор Майкл Вильямс Қарағанды қаласына арнайы келіп, сұхбат бергеннен кейін ғана мойындаған екенбіз. Сондай-ақ, Иллинойс штатындағы Онкологиялық орталықтың профессоры, доктор Рэй Криппеннің қазақстандық әріптестерінің жаңалығы жайлы әлемнің ең беделді медициналық журналында жарияланған мақаласынан кейін Әдеkenovті әлем мойындады.

«Арглабиннің» баламасы жоқ препарат екендігінің екінші мысалы ретінде, Америка Құрама Штаттарында «Арглабин» тақылеттес «Винкрестин» деген дәрімен салыстыру жүргізілгендігін айта кетуге болады. Сол зерттеу барысында «Арглабиннің» артықшылықтары американдықтарды қатты қызықтырған екен. Атап айтқанда, «Арглабиннің» «Винкрестинге» қарағанда артериялық қан қысымы мен жүрек-тамыр жүйесінің басқа да функцияларына, бауыр мен бүйректің қызметтеріне кері әсері болмайтын, гемопоэзді төмендетпейтін қасиеттері анықталған.

Бүгінгі таңда қазақ академияның ақикатқа айналған арманындай болып Арқа жусанынан әзірленген «Арглабин» Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Грузия, Беларусь Республикаларында, Ресей Федерациясында, Украинада ресми түрде тіркелді. Сондай-ақ, Германияның «Леонардис Клиник» онкологиялық орталығында және Онкобиотерапия институтында қолданылуда.

Мәскеуде Н.Н.Блохин атындағы Ресейдің онкологиялық ғылыми орталығында «Қатерлі ісікке қарсы «Арглабин» препаратын қолданудың тәжірибелік және клиникалық аспектілері» тақырыбына өткізілген халықаралық симпозиумда осы орталықтың Ісіктердің тәжірибелік диагностикасы және терапиясы институтының директоры, Ресей академия А.Ю.Барышников, Ресей онкологиялық орталығының профессорлары Л.Б.Горбачева, Л.В.Манзюк, А.А.Вайнсон, С.И.Ткачев, Белоруссия профессоры Н.Г.Луд, Украина профессоры Г.И.Кулик қатерлі ісікке қарсы жана бірегей «Арглабин» препаратының өмірге келгендігін бірауыздан мақұлдады. Өйткені, оның емдік тиімділігі 86% екендігі ғылыми тұрғыда дәлелденді.

Иә, «Арглабиннің» әлемдік деңгейде мойындалуы қазақ ғылымына берілген баға еді. Халықаралық деңгейдегі ғылыми конференциялардың мінбелерінде «Арглабин» препаратының аты аталса, Қазақстанның аты, академик Әдеkenovтің есімі қатар аталады. Бұл – қазақ ғылымының бағы!

...Сағатына қарады да, академик Әдеkenov, әлем мойындаған Әдеkenov кабинетінен асығыс шығып бара жатты. Үйіне емес, облыстық мәслихаттың сессиясына асығып бара жатыр. Қазір депутат мінберінен халқының жарқын болашағын қалыптастыру бағытындағы бағалы ойын айтады. Ол – Қазақ елінің патриоты!

Суреттер кейіпкердің жеке мұрағатынан

ERCİN MYSABEK, «Ortalyq Qazaqstan»

Алғыс жетелеген «Арглабин»

Академик Серғазы Мыңжасарұлының кабинеті. Атшаптырым болмаса да, еркін тыныстап, алаңсыз жұмыс істеуге қолайлы-ақ кабинет. Бұл кабинетте академик Әдеkenovтің небір өмірішен идеялары дүниеге келіп, дәл осы жерде талай-талай арман-мақсаты қанаттанып, ғылым кеңістігіне қадам басқан. «Инемен құдық қазғандай» небір мехнатты жобалар осы жерден бастау алып, қаншама ғылыми зерттеулердің теориялық тұжырымдамалары осы столдың басында жасалған.

Бүгін де тау-тау қағаздың астында отыр. Туған күн, мерейлі 70 жастың қуанышы ойынан шығып та кеткен, шамасы. «Фитохимия ғылыми-өндірістік орталығы» акционерлік қоғамының ғалымдары дайындаған ғылыми жобаларға сараптама жасап жатыр. Бұл жобалар министрлік тарапынан мақұлданып, өндіріске жолдама алса – әріптестерінің жеңісі осы. Мекеменің қаржылық қуаты да – осы жобалардың жоңында. Ол да түк емес, егер жаңа зерттеулері «Арглабиннен» белсенді болып шыкса, әлем елдерін әбігерге салған қатерлі ісіктің аптығы мүлде басылар еді.

Телефон қоңыраулатып қоя берсін. Желінің арғы басынан хатшы қыз:

– Серғазы Мыңжасарұлы, Сізге бір ақсақал келіп тұр. «Көп уақыттын алмаймын» дейді. Қабылдай аласыз ба? – деді.

– Кіргізіңіз. Қарт адам болса, қабылдауға міндеттімін! – деді, алдындағы қағаздарын үстелдің бір шетіне қарай ысырып. Қабылдауға келген қарияны қарсы алмаққа орнынан тұрып, есікке қарай беттеді.

Таяққа сүйенген тарамыс қария да дауыстай амандасып, табалдырықтан бері аттады:

– Ассалаумағалейкүм! – Уағалейкумассалам, ақсақал! Төретіңіз!

Жүзіне байыппен назар аударып еді, мүлде бейғаныс қарт болып шықты. Мәжіліс үстелінің төргі жағына қарияны жайғастырып, өзі қарсы отырды да, әңгімеге ықтияр пейіл танытты. Ақсақал да бірден сөз бастады:

– Серғазы шырағым, екең Мыңжасар марқұмды жақсы білуші едім. Елге жанышары, пейілі кең, ниеті ақ, азаматтың асылы еді жарықтық. Өзінің де атына сұрттай қанықпын. Мыңкеңнің баласы болса, тостырып қоймай, қабылдар деп, телефон да соқпай, бірден келдім. Мені мынау жаман ауру деген айықпас дерт айналдырғалы 4-5 жылдың мұғдары болып қалды. Дәрігерлер де «Әбден өткізіп алған екенсіз. Дегенмен, үмітіңізді үзбеніз, мына дәріні алып, ішіп көріңіз» деп, «Арглабин» деген дәрі жазып берген. Бір жылдан бері соны ішіп, құлан-таза айықпасам да, әжептәуір түзеліп қалдым. Жақында қайтанда анализ тапсырғанмын. Дәрігерлер де қуанып қалды. «Мүлде айығып кетпесеңіз де, дертіңіз тежелген екен», – деп жатыр байғұстар. Сол дәрінің жөнін сұрап едім, дәрігерлер бұл «Арглабиннің» өзіміздің Қарқаралының тықыр жусанынан жасалғанын және оны жасаған мына өзің екенін айтты. Айналайын, содан өзіңе келіп, қолыңды қысып, ағалық пейілмен алғысымды айтайын деп келдім, қарғам. Жалғанның жарық сәулесін жанарымнан тайдырмай, ғұмырымды ұзартқан «Арглабиннің» үшін мың алғыс! Көсеңең көгерсін, абыройың асқақтап, мәртебең өсіп, айналдым! – деп, ақсақал жанарына үйірілген жасты бет орамымен сұртты.

– Алла қут берсін, ақсақал! Дәрігерлер де, біз шығарған «Арглабин» де – ажалсызға себенші ғой. Алланың Сізге деген ықыласы ерекше болып тұр екен. Ұзағынан сүйіндірсін! Ауырмаңыз, аға! – Жоқ, олай деме, Серғазы айналайын. Мен бір жылдан бері бұл «Арглабиннің» әбден зерттедім. Бірнеше шетелде, тіпті, анау азуын айға білетен

Америкаң да сенің «Арглабиннің» артық дәрі шығара алмай отыр екен. Біздің жусан дәріге бәрі мұқтаж болып отыр дейді. Бұл – өзің секілді текті әкеден туып, ғалым әкеден тәлім алған қазақ ғалымының жеңісі, қарағым! Мың бол, айналайын! Менің шаруам – осы. Ал, кеттім. Өзіңе арнайы Қарқаралыдан келдім. Қазір елге қайтамын, – деді де, Серғазының қолын ерекше құрметпен қысып, есікке беттеді.

...Ақсақалды шығарып салған соң, академик Әдеkenov терең ойға шомды. Ойына бала күнінде әкесімен бірге жер шолуға шыққандағы сәттер оралды. Әкесі марқұм кандидаттық диссертациясын жазып жүріп, мал азығының рационын зерделеу үшін дала шөбінің құнарын бақылауға шығатын еді ғой. Ондай сапарларында тұңғышы Серғазыны жанынан қалдырмайтын.

...Көлік бұлардан едәуір қашықта қалып қоятын да, әкелі-балалы жиһанкез күннің ыстығына, өздерінің шөлдегендеріне қарамай, адыр-адырды аралап кететін еді. Мыңжасар аға тамырынан ажыратып алған бір уыс жусанды ііскеп тұрып:

– Пах, шіркін! Кешегі Мысырды билеген Сұлтан Бейбарыс бабамыздың туған елге деген сағынышын маздатып, Атамекенге деген құмарын қоздатқан жусан ғой – бұл. Балам, жусанның бұл түрін «Тықыр жусан» дейді. Қой жесе – қонды болады. Жылқы жарықтық жусанға жусаса, сүтінің құнары артады. Қойдың еті, жылқының сүті арқылы адам ағзасына мыңдаған дәрумен болып сіңетін қасиеті бар, – деп, қолындағы жусанды Серғазыға ұстата берді. Бала да елең ете қалған. Құшырлана ііскеп, құмарлана қызықтады. Жүйелі жалғасқан әке әңгімесін де мейірлене тыңдайды.

– Жердің бетіндегі шөптің түрлері арқылы сол жер қойнауындағы қазба байлықтарын да болжауға болады екен. Дала данышпаны, ғасыр ғұламасы Қаныш Сәтбаев та көптеген кен орындарын сол төңіректе өсетін өсімдіктер арқылы анықтаған деседі, – деп жалғады әңгімесін Мыңжасар аға.

...Әке әпсанасын мұқият тыңдағаны болмаса, Серғазының аңсары – тықыр жусанда. Қайта-қайта ііскеп, жусанның жұпар иісіне құмары қанар емес. Бірақ, ол дәл осы сәтте жусанның қасиетін сезінгенімен, оның болашақта Әдеkenov есімін бүкіл әлемге паш ететін, жолын ашып, бағын үстем ететін жусан екенін сезген жоқ еді. Сол күннен, сол сәттен бастап, Серғазының есінен сол тықыр жусан бір сәтке де шықпады. Жұпар иісі танауынан кетер емес.

Қазір де кабинеті жусан аңқып қоя берді. Әлде, бұл құдіретті жусанның жұпар иісі қанағы ақсақалмен ілесе келді ме екен?!

Ұстаздар ұлағаты

Алғыс айта келген қарияның әңгімесінен кейін жұмысқа зауқы соқпады. Ой құшағында отыр. Өкенің ұлағаты. Ананың мейірімі. Ұстаздар ұлағаты. Студенттік шағы. Ғылымның қия жолындағы ізденісі. Еңбекпен келген абырой. Жігермен жеткен жетістік. Алпауыт елдердің онколог-ғалымдары көрсеткен құрмет.

Бүгінгі 70 жастың желкенін керген шағында осы уақытқа дейін төгілген маңдай тері, көрген қызық, тартқан азабы, ғылым жолындағы көз майы, шыққан биігі, абырой асуы, бәрі-бәрі көз алдында көлбең қағып, көңілін қанағат сезіміне бөлейді. Арқасынан әкесі Мыңжасар қағып, маңдайынан анасы Жаңыл өмірене ііскеп тұрғандай... Екеуі де ұлдарының адал еңбекпен бағындырған абыройына риза кейіпте мерейленіп тұр.

...Есік қағылды. – Кіре беріңіз, – деді ойының бөлініп кеткеніне өкінгендей самарқау ғана. Хатшы қыз: – Серғазы Мыңжасарұлы, Сізге хаттар келіпті, қабыл алыңыз, – деді биязы ғана.

Бірнеше хатты қолына алып, кон-

• ДІН-ДІҢГЕК

Діни ағымдар проблемасымен қалай күресу керек?

Қазіргі ақпараттық дәуірде адамдардың діни көзқарасына әсер ету бұрынғыдан әлдеқайда жеңілдеді. Әлеуметтік желілер, бейнеплатформалар мен мессенджерлер арқылы әртүрлі діни идеялар жылдам таралады. Олардың арасында дәстүрлі діннің құндылықтарын насихаттайтын пайдалы ақпаратпен қатар, қоғамның тұтастығына қауіп төндіретін деструктивті діни ағымдардың идеологиясы да кездеседі. Сондықтан мұндай құбылыспен күресу тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндетіне айналып отыр.

Ең алдымен, діни ағымдар проблемасының алдын алудың ең тиімді жолы – діни сауаттылықты арттыру. Дін туралы үстірт немесе қате түсінікке ие адамдар күмәнді уағызшылардың ықпалына оңай түседі. Сол себепті азаматтар дін туралы ақпаратты ресми діни ұйымдардан, білікті дінтанушылар мен теологтардан алғаны жөн. Дәстүрлі рухани құндылықтарды танып-білу – жалған діни ұрандарға қарсы тұратын маңызды қорғаныс.

Екінші маңызды бағыт – сыни ойлау мәдениетін қалыптастыру. Қазіргі таңда радикалды идеялардың басым бөлігі интернет арқылы таралады. Әсерлі бейнероликтер, қысқа уағыздар немесе эмоционалды үндеулер адамның санасына ықпал етуі мүмкін. Сондықтан кез келген ақпаратқа күмәнмен қарап, оның дереккөзі мен мақсатын саралай білу қажет. Әсіресе жастарға ақпаратты талдау, жалған мәліметті ажырату және манипуляция тәсілдерін тану дағдыларын үйрету өте маңызды.

Деструктивті діни ағымдардың алдын алуда отбасының рөлі ерекше. Баланың дүниетанымы ең алдымен отбасында қалыптасады.

Ата-ананың баласымен ашық сөйлесуі, оның араласатын ортасын, қызығушылықтарын бақылауы, интернеттегі белсенділігіне назар аударуы көптеген қауіптің алдын алады. Егер жасөспірім өз мәселесін отбасында еркін айта алса, ол күмәнді топтардың ықпалына түсу ықтималдығы да азаяды.

Сонымен қатар білім беру жүйесінің жауапкершілігі зор. Мектеп пен жоғары оқу орындарында зайырлылық қағидаттары, Қазақстан заңнамасы, діни әралуандылық және конфессияаралық келісім туралы сапалы түсіндіру жұмыстары жүргізілуі қажет. Бұл жастардың діни сенім мен радикалды идеологияның айырмашылығын дұрыс түсінуіне көмектеседі.

Тағы бір маңызды мәселе – интернет кеңістігіндегі ақпараттық қауіпсіздік. Қазіргі таңда кейбір деструктивті топтар әлеуметтік желілерде жастарды түрлі психологиялық әдістермен өз қатарына тартуға тырысады. Сондықтан мемлекеттік органдар, сарапшылар және бұқаралық ақпарат құралдары сапалы түсіндіру материалдарын көбейтіп, жастар көп пайдаланатын платформаларда дұрыс ақпаратты кеңінен тара-



Сурет авторын

туы қажет. Теріс идеологиямен күресудің тиімді жолы – оны тек жомқа шығару емес, оның орнына ғылыми негізделген, тартымды әрі түсінікті мазмұн ұсыну.

Діни ағымдар проблемасын шешуде қоғамдық ұйымдар мен діни бірлестіктердің де орны ерекше. Олар халықпен тікелей жұмыс істеп, діни сауаттылықты арттыруға, жастармен кездесулер өткізуге және қоғамдағы өзара сыйластық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Мұндай жұмыстар халықтың діни мәселелерге қатысты дұрыс көзқарасын қалыптастырады. Әрине, заң талаптарын бұзып, экстремизм мен зорлық-зомбылықты насихаттайтын топтарға қатысты құқықтық шаралар да қатаң сақталуы тиіс. Мемлекет азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін заңсыз діни қызметке, өшпенділік пен араздықты қоздыруға қарсы заң аясында әрекет етеді. Дегенмен бұл күрестің негізгі мақсаты – жазалау емес, ең алдымен алдын алу болуы керек.

Қазақстан – түрлі этнос пен

конфессия өкілдері татулықта өмір сүріп жатқан мемлекет. Осындай қоғамдық келісімді сақтау үшін әр азамат заңды құрметтеп, өзгелердің діни сеніміне сыйластықпен қарап, күмәнді идеологияларға сын көзбен қарауы қажет. Діни ағымдар проблемасымен күрес тек мемлекеттік органдардың міндеті емес. Бұл – отбасы, білім беру ұйымдары, бұқаралық ақпарат құралдары, діни қауымдастықтар және әрбір азамат бірлесе атқаратын ортақ жұмыс.

Түптеп келгенде, деструктивті діни ағымдардың ықпалын әлсіретудің ең тиімді жолы – білімді қоғам қалыптастыру. Діни сауатты, ақпараттық тұрғыдан сындалры ойлайтын, ұлттық құндылықтарды құрметтейтін және зайырлылық қағидаттарын түсінетін азаматтар көбейген сайын қоғамның тұрақтылығы нығайып, радикалды идеологиялардың таралуына жол берілмейді.

Е.ЕРҒАЛИҰЛЫ
kazislam.kz



Еске алу

Асқар тау ата, ардақты әке, асыл жар, аяулы аға, анасының сүйікті ұлы, адал дос, ағайын-туыстың қимасы **Талғат Бекмағанбетұлы БЕЙСЕНАЕВТЫҢ** мына жалған дүниеден өткеніне 22 тамызда 40 күннің жүзі болады.

Талғат Бейсенаев Қарқаралы ауданының Бүркітті ауылында 1964 жылдың 12 мамырында дүниеге келген. 1981 жылы Қарқаралы қаласының қара шаңырағы – №1 қазақ орта мектебін «Алтын медальмен» аяқтап, Алматы қаласындағы ауылшаруашылық институтын инженер-механик мамандығымен аяқтайды. Алғашқы еңбек жолын Нұркен ауылында және ДЭУ-314 мекемелерінде механик, бас механик болып бастайды.

1993-1995 жылдары әскери борышын өтеп, әр салада қызмет етіп, 1998 жылы әскери қызметке аға лейтенант шенінде шақырылады. № 6505, тағы басқа және 6800 әскери бөлімшелерінде қызмет етіп, полк командирінің тыл жөніндегі орынбасары лауазымына дейін көтеріліп, осы жерден 2010 жылы подполковник шенінде зейнеткерлікке шығады. Осы уақытқа дейін, «Қарағанды облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық басқармасының облыстық азаматтық қорғаныс объектілері» мекемесінде инженер қызметін атқарды.

Амал не, сұм ажал алды-артына қараптай, 62 жасында, арамыздан мәңгілікке әкетіп, көңілге шер, көзге жас ұялатты.

Жарқырап жүрген асылым,

Кеттің ғой мәңгі бақиға.

90-дағы анашын,

Қалды-ау үлкен қазада.

Қайтпас асылым,

Артында қалған ағайын, отбасына,

жаратқан ұзақ ғұмыр, бак сыйласын.

Немерелерін ержетіп, азамат болып өссін.

Жаныңыз пейіште боп, шалқысын нұр,

сағынышпен еске алар ұрпағың жүр.

Асыл бейнеңіз әрқашан жадымызда сақталады.

Еске алушылар: **Бейсенаевтар әулеті.**

Марқұмның 40 күндік асы – 2026 жылы 21 тамыз күні сағат 14:00-де Қарқаралы қаласында, «Сары-Арка» кафеcінде, 2026 жылы 28 тамыз күні сағат 14:00-де Астана қаласы, «Шаңырақ» мейрамханасында беріледі (Айнакөл көшесі, 59)

№249

Жаңарған мектептегі жаңа мүмкіндік

Осакаров ауданы Есіл ауылында жаңа оқу жылына дайындық қызу жүріп жатыр. Ауылдағы №2 мектеп пен колледж-мектеп-интернаттағы күрделі жөндеу жұмыстары мәреге жакын-дап, білім беру нысандарын оқу процесіне әзірлеу басталды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нақтырақ айтсак, екі нысандағы негізгі құрылыс жұмыстары аяқталуға жақын. Ендігі кезекте ғимараттарды ретке келтіріп, жаңа оқу жылына қажетті жағдайды қалыптастыруға басымдық беріледү. Колледж-мектеп-интернатта оқу кабинеттері мен жатын бөлмелерді жинау жұмыстары қолға алынған.

Жөндеу барысында студенттердің күнделікті тұрмысына да

көңіл бөлінген. Санитарлық бөлмелер жаңартылып, жатақхана қабаттарының бірінде шағын асуіі бар демалыс бөлмесі жасакталды. Мұндай орынның пайда болуы студенттердің бос уақытын жайлы өткізуіне мүмкіндік бермек.

– Студенттер толық жөндеуден өткен ғимаратқа келеді. Енді олардың кешкі уақытта шай ішіп, бірге бас қосатын орны бар. Бұған дейін тек асхана болатын. Біз студенттерге білім алумен қатар, сабақтан кейін араласуға да мүмкіндік бе-

ретін кеңістік жасағымыз келді, – деді колледж-мектеп-интернат директоры Қарлығаш Әбішова.

Білім ошағының тыныс-тіршілігі ғимаратты жаңартумен ғана шектеліп отырған жоқ. Мұнда мамандар даярлайтын бірнеше бағыт қалыптасқан. Атап айтқанда, студенттер тамактануды ұйымдастыру, автомобильдерге техникалық қызмет көрсету, есеп және аудит салалары бойынша білім алады.

Алдағы уақытта оқу орнының мүмкіндігі тағы да кеңеймек. Колледж ауыл шаруашылығын механикаландыру бағытына арналған жаңа жабдықтар мен тренажерлер алды. Ауылдық елдімекендер үшін маңызды бұл мамандық бойынша



Сурет облыс әкімінің сыйлаған

жаңа білім беру бағдарламасына студент қабылдау келесі жылға жоспарланып отыр.

Жөндеу жұмыстарының мәніне тоқталған Осакаров ауданының

Вниманию жителей!

ТОО «Корпорация Казахмыс» уведомляет о проведении общественных слушаний в формате открытого собрания по рассмотрению раздела охраны окружающей среды к проекту «План горных работ отработки запасов месторождения Карасаз», проект нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу (НДВ) на период 2026-2035 годы и программы управления отходами (ПУО) для месторождения Карасаз 18 сентября 2026 года в 10:00 часов по адресу: Карагиндская область,

Каркаралинский район, посёлок Карагайлы, 20 квартал 4 строение, здание аппарата акимата Карагайлы.

Территория воздействия: Карагиндская область, Каркаралинский район, посёлок Карагайлы.

Ссылка на онлайн видеоконференц-связь: <https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys/j.php?MTID=mf476172d5556d352ae4b8e565c5ed0bb>

Номер совещания (код доступа): 2515 930 9987

Пароль совещания: 5555

Географические координаты границы участка проведения горных работ:

№	Северная широта	Восточная долгота
1.	49°23'53,38"	75°42'04,84"
2.	49°23'43,60"	75°42'20,03"
3.	49°23'32,89"	75°42'03,83"
4.	49°23'42,66"	75°41'48,65"

Инициатор: ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Бесбаева М.М., менеджер GR ТОО «Корпорация Казахмыс», контакты: тел. 8 (7172) 557665 (вн.10894), эл.адрес: Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Сулейменова А.Б., контакты: тел. 8 (7172)55 76 72 (вн.10557), эл.адрес: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Материалы проекта размещены на сайте: <https://ndbecology.gov.kz> и www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru Замечания и предложения по проекту принимаются по ссылке <https://ndbecology.gov.kz>, на эл.адрес: expertiza.upr_krg@mail.ru и

почтовый адрес: Карагиндская область, г.Караганда, ул.Лободы 20, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагиндской области» в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл.адресу Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz и по номеру телефона 8 (7172)55 76 72 (вн.10557).

Регистрация производится за 15 минут до проведения общественных слушаний при предоставлении удостоверения личности.

ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» объявляет о продаже доли в УК 0,700 % участников КТ.

Участники Кредитного товарищества пользуются преимущественным перед третьими лицами правом покупки доли или её части при её продаже кем-либо из участников. Обращаться по адресу: г. Караганда, ул. Сатыбалдина, д.29/2, офис №1, тел. 8 7212 397412, 87003363739

№186

Академик Е.А.Бокетов атындағы Караганда ұлттық зерттеу университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«Т-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (информатика+математика), «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (физика+математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Цифрлық мемлекеттік басқару», «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару» (география+математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география+шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесі заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы+адам, қоғам, құқық). Мемлицензия: KZ55LAM00009976, «ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті» 29.10.2025 ж. берген, тел.: 8 (7212)35-64-05, buketov.edu.kz/, priemka@ksu.kz

№237

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексіннің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 8:30-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

к

Жаңалық
әрқашан жаныңызда!
<https://ortalyyq.kz/>

• КҮШ АТАСЫ

Толағайлар әулеті

Бір өңірге ғана емес, тұтас елге, тіпті, жаһанға жақсы аты шыққан әулеттер бар. Солардың бірі – Дәрібай Оспановтың әулеті. Дәрібай Оспанов пауэрлифтингтен Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, Азия мен әлем чемпионаттарында атой салған даңқты спортшы, Қазақстанның Еңбек сіңірген жаттықтырушы. Өзінің ғана емес, әулетінің де даңқы төңірекке тарайды. Спорт күні қарсаңында өмір бәйгесінде жүйрік болған өнегелі ғұмыр иесі туралы айтпақпыз.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дәрібай Оспанов 1949 жылы Шет ауданының Ақадыр кентіндегі теміржолшылар отбасында дүниеге келді. Ғұмырының алғашқы баспалдақтары еңбекпен өрілді. Ата-анасының жолын жалғап, өзі де бүкіл өмірін теміржол саласына арнады. Құрылыс саласында да тер төкті. Аяулы жары Марфуға Татиева екеуі үш баланы дүниеге әкелді.

Ақсақал жас кезінен бастап, зілтемір көтеріп, шыныға бастаған. Бір қызығы – спортта толағай жетістіктерге жеткен Дәрібай Оспанов арнайы спорт мектебінде оқымаған, кәсіби оқу-жаттығу жиындарына қатыспаған. «Бәрі жан қалауымен басталды» дейді ақсақал.

– Ауылымыздың жанынан «Атасу-Алашанью» мұнай құбырының құрылысы басталып, соған инженер-геодезист болып орналастым. Содан, далалық жағдайда пауэрлифтингпен айналыса бастадым. Далада жатқан тастарды су құйтын бөтелкелерге толтырып, көтердім. Күнделікті жаттығулардың сапасына мән бердім. Өзімді темірдей тәртіпке бағындырдым. Түбінде бір нәтиже шығаруда бекіндім. Жұмыспен қатар алып жүрдім. Шаршаған күндерде де жаттығуға көңіл бөлдім.



Кейін жемісін көрдім, – деді Дәрібай Оспанов.

Ғұмырының кейінгі 20 жылында Дәрібай Оспанов талай мәрте жеңіс тұғырына көтерілді. Алғашқы жеңісіне 2010 жылы жетті. Филиппинде өткен Азия чемпионатында 140 келі зілтемірді көтеріп, әлемнің түпкір-түпкірінен келген үздіктер арасында үздік атанды. 63 жасында халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағын алды.

2021 жылы 72 жасында Теміртау қаласында өткен ел біріншілігінде 180 келі салмақ басатын зілтемірді көтеріп, өз рекордын қайталаған. Бұл – егде жастағы спортшылар арасындағы әлем рекорды. Қазақстан рекордын 12 рет жаңартқан. 2022 жылы әлемнің 3 дүркін абсолютті чемпионы болып, елімізге еңбегі сіңген халықаралық дәрежедегі спорт шебері атанды. Азия біріншілігінің 10 алтын мен 2 күмісі қанжығасында.

2023 жылы Дәрібай Оспановтың жетістіктерін Мемлекет басшысы бағалап, оған арнайы Алғыс хатын жолдады. Алғыс хатты

салтанатты түрде облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев табыс еткен еді.

Даңқы әлемге жайылған ақсақал балаларын да осы спортқа баулыған. Үлкен ұлы Алмаз – Азияның, Әлемнің чемпионы және күміс жүлдегері. Халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Бапкерлік жолын бастап, бірнеше әлемнің, Азияның жеңімпаздарын баптап шығарды. Бүгінде Приозерск қаласында спорт залын ашып, шәкірт тәрбиелеуді жалғастырып жатыр.

Ортаншы ұлы – Манас. Ол – жеке кәсіпкер. Кәсіпкерлікте жүрсе де, спортпен шұғылданады. Быыл спорт шебері дәрежесін алды.

Кенже ұлы Қараман Абдулқарим 15 жасында спорт шебері, 17 жасында халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 25 жасында еңбегі сіңген спорт шебері атанған. Қазық жастары арасынан тұңғыш осы спорт түрінен Әлем чемпионы, тұңғыш еңбегі сіңген спорт шебері болды. Бүкіл спорт түрімен салыстырғанда, әлемдік рейтингіде 5

жыл бойы бірінші орынды бермеген тұңғыш спортшы. Оның 59 келі салмақ дәрежесінде орнатқан рекорды 175,5 келі екен. Бұл рекордты 5 жыл бойы ешкім бұза алмай келеді. Әлемнің рекордын 5 рет жаңартыпты. Азия құрлығының 6 дүркін, әлемнің 10 дүркін жеңімпазы (7 рет жеке, 3 рет командалық) және 9 рет күміс медальін қанжығалаған. Қазақстан біріншілігін 30 рет ұтқан.

Немерелері де ата жолын қуған. Немересі Айтас – Әлем чемпионы. 2022 жылы Алматыда өткен допада абсолютті чемпион болып, спорт шебері нормативін орындады. Қазір ол да шәкірт баптап жүр. Немересі Абдул-Азиз 13 жаста. Қазақстан біріншілігінде қара үзіпті. Ол – спорт шеберіне үміткер.

– Менің отбасым әлемнің және Азия құрлығының 55 алтын, күміс жүлдесін алды. Туымызды 55 көтеріп, 37 рет Өнұранымызды жаһанға паш етті! – деді ақсақал зор мақтанышпен.

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

Жебе ұшындағы жігер



ҰЛТТЫҚ СПОРТ

Қазақ баласы садақты ешқашан құр ермек үшін ұстамаған. Керме пінін иіп, кірісін шіреі тартқанда, көзі нысанада болғанымен, көңілі одан әрідегі асқақ мұратқа қадалған. Садақтың серпіні – білекке, жебенің бағыты – көзге, ал, оқты дйттеген жерге дәл тигізу – сабыр мен сұңғылалыққа сын. Сан ғасыр өтсе де, қанға сіңген бұл мергендік машық ұмыт қалған жоқ. Көненен жеткен бекзат өнер бүгінде ұлттық спорттың ажарын ашып, жас ұрпақтың бойына еп пен ерік, төзім мен тегеурін дарытып келеді. Осы ұлттық рухты бойына сіңірген жас қарагөз мергендердің бірі – Адлия Айтмағанбетова.

бапкері Надежда Кефер шәкіртінің бойындағы оңды өзгерісті жақсы аңғарады.

– Алғашқы кезде Адлия нәтижені тым тез күтетін. Бала ғой, бүгін жаттықса, ертең жеңімпаз болғысы келеді. Ойындағыдай болмай қалса, көңілі түсіп, кейде жаттығуды жіберіп алатын кездері де болды. Бірақ, бірте-бірте садақтың сырын түсінді. Бұл спорт асығыстықты жақтырмайды. Мұнда күштің өзі жеткіліксіз. Дененді ғана емес, ойыңды да билей білуің керек. Қазір ол қиындық кездесе айналып өтпейді, қайта оны қалай еңсеруге болатынын ізденетін күйге жетті, – дейді сыралғы бапкері.



Маржан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Адлияның қолына садақ ұстағанына быыл тура алты жыл толыпты. Осы аралықта балаң қызығушылық байыпты мақсатқа, алғашқы талпыныс табанды еңбекке ұласты. Бүгінде жас спортшының қоржынында жектеп, қала, облыс және республика көлеміндегі жарыстардан олжалаған жүлдесі жетерлік.

Тек биылғы маусымның өзінде мерген қыз облыс чемпионатында «Жамбы» нысанасы бойынша 20 метрден оқ атып, I орынды иеленді. Орта Азия чемпионатында да мергендігін танытып, тағы бір алтынды қанжығасына байлады. Сөйтіп, өз санатында облыстың абсолютті чемпионы атанды. Адлия аймақтық бәсекемен ғана шектелген жоқ. Қазақстан Республикасы кубогында «Жамбы» нысанасы бойынша 20 метр қашықтықта күміс жүлдеге қол жеткізсе, балалар арасындағы ел біріншілігінде осы сайыстан қола медаль қанжығалады. Жұлделер легін тізбелей беруге болар еді. Десе де, жас спортшының түпкі жеңісі төккен тері мен қайсар мінезінде жатыр.

Бала күнінен бойында тынымсыз қуат болған Адлия спорттың бірнеше түрін байқап көріпті. Тэквондо мен дзюдоға барған. Жеңіл атлетикамен төрт жыл айналысқан. Волейболға да ден қойған кезі бар. Бірақ, ешқайсысы көңіл құбыласына айнала қоймапты.

Бесінші сыныпта оқып жүргенде, балалық қиял оның тағдырына жол сілтейді. Белгілі мультфильмдегі садағын асынып, тұлпарын тебініп жүретін қайсар Меридаға еліктеген кішкентай қыздың жүрегіне осы бір көне өнер бірден қона кетеді. Садақты алғаш қолға алған сәттен-ақ ол мерген болуға асыққан-ды. Алайда, адырнасын кергеннің бәрі мерген болмайтыны кәдік. Оны алғаш жаттығу залына кішкентай қыз болып келген күнінен білетін

Дәстүрлі садақ ату сырт көзге тым-тырыс көрінуі мүмкін. Жүгіріс жоқ, жұлқысқан тартыс жоқ. Спортшы орында тұр, нысана да тапжылмайды. Әйтсе де, сол байыптылықтың астарында үлкен арпалыс жатыр.

Аяқтың тұрысы, иықтың қалпы, кірісті тартқан саусақ, тіпті, демді ішке алу мен шығару – бәрі бір-бірімен жымдаспаса, бір мысқал ауытқу жебенің жолын бұрып жібереді. Ең қиыны – өзіңді өзің меңгеру. Кешегі мұлт кеткен оқты көңілге алсаң, келесі жебен де қиыс кетеді. Алдыңғы дәлдіктің буына масайрасаң, тағы да жаңыласың.

Қазақтың бағзыдан жеткен сайыстары тек білек сынастыру үшін ғана емес, тұлға ретінде де тапжылмайды. Әйтсе де, Адлияның ең жақсы қасиеті – құлаған жерінен қайта тұра біледі, – дейді бапкері.

Біз әрбір еншілеген ұпай мен атылған жебенің жөнін егжей-тегжейлі сараптаймыз. Неге дәл тиді, неліктен ауытқыды – бәрін саралаймыз. Бұл әдет Адлияны спортшы ретінде ғана емес, тұлға ретінде де шыңдайды. Жаттығуда көзге жас келетін ауыр сәттер де болды һәм бола береді. Әйтсе де, Адлияның ең жақсы қасиеті – құлаған жерінен қайта тұра біледі, – дейді бапкері.

Бүгінде осы көне мұра заманауи спортпен иық теңестіріп келеді. Садақты қолына алып, аргы-берггі тарихтың арасын жалғап жүрген Адлия секілді жас буынның өсіп келе жатқаны қуантады. Жасы небәрі 15-те болса да, облыс пен республика көлеміндегі осындай орасан жетістіктерді бағындырып үлгерген мерген қызды алда әлі талай дүбірлі додалар күтіп тұр.

Медаль мойынға тағылар. Жеңістің буы да бір күні басылар. Ал, жаттығуда шыңдалған мінез – адаммен мәңгі бірге қалмақ. Кірісі керілген садақтан сусын шыққан жеде кері қайтпайды. Ол тек алға ұшады. Адлияның да беталысы – тек алға!

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

• ФУТБОЛ

Жоғары топқа жақындады

Футболдан Қазақстан Бірінші лигасының аяқталуына сегіз тур қалды. Ал, қарағандылық «Шахтер» клубы 18-тур аясында сырт алаңда «Ақтөбе» жастар клубымен кездесіп, қарсыласын 6:1 есебімен ойсырата жеңді. Осылайша, жерлестер маңызды үш ұпайға қол жеткізіп, келер маусымда Премьер-лигада өнер көрсету мүмкіндігін арттыра түсті.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бірінші айналымда да жерлестер өз алаңында қарсыласын 7:0 есебімен ойсырата жеңген еді. Бұл жолы да «Шахтер» ойын тізгінін бермей, алғашқы минуттардан-ақ шабуылға ден қойды. Есепті 28-ші минутта шабуылшысы Артем Литош ашты. Алаң ортасынан басталған шабуылды Диас Қалыбаев шебер жалғастырып, допты Артемге дәл асырған. Шабуылшы мүмкіндігін мұлт жібермей, қарсылас қақпасын дәл көздеп, команда-сын алға шығарды.

Арада бір минут өткенде Артем Литош тағы да мергендік танытып, дублін рәсімдеді. Бұл голдың басталуына да шабуылшының өзі себепкер болды. Алаңның сол қанатынан ортаға ойысқан Артем әріптесі Андрей Ульшинге пас берген. Ал, ол болса, допты қайта өзіне қайтарады. Осы сәтті ұтымды пайдаланған Артем қақпаса қорғаушысын алдап өтіп, қақпаға дәл соққы бағыттады. Төпкен добы тордан табылып, есеп 2:0-ге жетті. Осылайша, бірінші тайм қарағандылықтардың айқын басым-



дығымен аяқталды.

Екінші тайм басталысымен «Шахтер» шабуылды үдетіп, ойын тізгінін толықтай өз қолына алды. Ойынның 51-ші минутында Диас Қалыбаев есепті 3:0-ге жеткізді. Араға 10 минут салып Артем

хет-триктің авторы атанды. Көп ұзамай, 62-ші минутта Диас Қалыбаев та қарсылас қақпасын тағы бір мәрте дәл көздеп, ойындағы екінші голын салады. Ал, 72-ші минутта Қасымжан Тапнов есепті 6:0-ге жеткізіп, ойынға нүкте қойған.



Алайда, алаң иелері де жауапсыз қалған жоқ. 79-шы минутта «Ақтөбе» сапындағы орталық шабуылшы Дәулет Мұратов бір гол соғып, алты голға бір голмен ғана жауап қайтарды.

Осы жеңістен кейін қарағандылық «Шахтер» 49 ұпай жинап, турнир кестесінің көшін бастады. Екінші орында – 43 ұпайы бар «Қайрат» жастар клубы. Басты қарсылас бұл турда шымкенттік «Оңтүстік Академиясымен» тең түсіп, маңызды ұпайлардан қағылды. Ал, үздік үштікті 37 ұпаймен түркістандық «Тұран» клубы түйіндеп тұр.

Сонымен қатар, «Шахтердің» шабуылшысы Артем Литош бұл кездесуде хет-трик жасап, Бірінші лига ойындарының сұрмергендер тізімінде 17 голмен көш бастап тұр.

Енді жерлестер 21 тамызда өз алаңында елордалық «Астана» жастарын қабылдайды. Одан кейін 27 тамызда сырт алаңда семейлік «Елімай» клубымен кездеседі.

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА
Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ
Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53

Бас редактордың орынбасары: 43-58-08

Интернет-редакция редакторы: 43-38-33

Жауапты хатшы: 43-49-72

Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,

Приозерск: 8-702-293-13-70

Қарқаралы, Нұра,

Осакаров: 8-702-216-73-50

Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,

Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJZKZXX БИН 000840001412

Тарапымы 3 264

№88 тапсырыс. Индекс 65484

Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша

«Типография Артыс» ЖШС баспаханасында басылды.

Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.

Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.

Кезекші редактор Ерік НАРЫН